



ҚАЗАҚСТАН  
МҰСЫЛМАНДАРЫ  
ДІНИ БАСҚАРМАСЫ



ИСЛАМ МӘДЕНИЕТИ  
МЕН БІЛІМІН  
ҚОЛДАУ ҚОРЫ

# ТӘЛІМГЕР ТАҒЫЛЫМЫ



Бұрһануддин Зарнужи

АСТАНА 2011

**УДК 297**  
**ББК 86.38**

*Қазақстан мұсылмандары  
діни басқармасының сараптау  
комиссиясы мақұлдаған*

*«Гидая» кітабының авторы Бұрһануддин Әбу Хасан Әли  
бин Әбу Бәкір әл-Фарғани әл-Марғинанидің шәкірті*

*Қазақшалаған:  
Заңқоев Қалижан Байырбекұлы*

Бұрһануддин Зарнужи  
Тәлімгер тағылымы. - Алматы: 2011. – 112 бет.

ISBN 9

Еңбекте ілімнің пайдасы, ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынас, білім алудың ерекшеліктері жайлы, сондай-ақ ілім үйренуге талапты шәкірттерге керекті өте құнды ақыл-кеңестер жинақталған.

Түрлі мазмұнды өлеңдермен өрнектелген еңбек ілім үйренуге ықыласты барша оқырман қауымға арналған.

УДК 297  
ББК 86.38


ISBN 996

**ТЕГІН ТАРАТЫЛАДЫ**

© «Нұр Астана» мешіті, 2011

## Мазмұны

Алғы сөз.....	5
Білім мен фикһтың мәні және ерекшелігі.....	8
Білім алудағы ниет.....	14
Айналысатын білім саласын, ұстазын және жолдас таңдау .....	17
Білім алудағы табандылық.....	17
Білімді және білім иелерін құрмет ету.....	21
Табандылық, ұдайылық және үлкен мақсат жайлы .....	27
Дәрісті бастау, оның мөлшері мен тәртібі туралы бөлім....	37
Тәуекел туралы бөлім.....	47
Білім алу.....	50
Жанашырлық пен насихат .....	50
Пайдалану тарауы.....	53
Білім алу кезіндегі тақуалық бөлімі.....	54
Жаттау қабілетін күшейтетін нәрселер.....	57
Несібе шақыратын, оны бөгейтін және көбейтетін, сондай-ақ ғұмырды ұзартатын нәрселер .....	60



### **Алғы сөз**

Әлемді адамзат баласының игілігіне жаратқан Алла тағалаға сансыз мадақ-мақтаулар болсын! Сол әлемде бақытқа кенелетін жолды нұсқаған хазреті Мұхаммед пайғамбарымызға (с.ғ.с.) салауаттар болсын!

Құрметті оқырман! Міне, Ханафи мазһабының көрнекті ғұламасы, танымал имам Бұрһан әд-Дин Әбу Хасан Әли бин Әбу Бәкір әл-Фарғани әл-Марғинанидің (1117-1196) шәкірті, Отырар алқабындағы Зернұқ, Зарнұдж шаһарының перзенті, жерлесіміз имам Бурһан әл-Ислам аз-Зарнужидің «Тағлим әл-мутағаллим» – «Тәлімгер тағлымы» атты еңбегі Алланың қалауымен қазақ тілінде оқырманға жол тартты. Бұл шығарма көне медреселер оқу жүйесінде міндетті түрде оқылатын кітаптар қатарына енгізілген оқулық. Қысқа да нұсқа жазылған аталмыш кітап – білім жолына түскен жас шәкіртке баға жетпес көмекші құрал. Ол білімнің даңғыл жолына аяқ басқалы тұрған шәкіртке білім мен фикһтың мән-мағынасы мен артықшылығы; білім алу кезіндегі ниет, ұстаз бен серікті таңдау, сондай-ақ, білім іздеудегі табандылық, білімді және білім жолындағы барлық нәрсені құрмет ету; салмақтылық, ұдайылық, өмірдегі үлкен дәрісті бастау, оның реті мен мөлшері; білім алу кезіндегі тәуекел; білімді пайдаланудағы мейірімділік пен кеңес (насихат); білім алудағы тақуалық; есте сақтау қабілетін күшейтетін және ұмытшақтықты тудыратын нәрселер, ризық несібені шақыратын, оны бөгейтін және көбейтетін және ғұмырды ұзартатын себептерін және қыр-сырын үйретеді.

Білім атты сара жолға түскен тәлім алушыға бағыт-бағдарын анықтау аса маңызды. Бұл мәселеде аталмыш кітап баға жетпес нұсқаулық. Қазіргі таңда да өз құндылығын сақтаған оқулық еліміздің әсіресе діни оқу орындарында білім алып жүрген шәкірттер кәдесіне жарары хақ. «Шәкіртке тәлім алу жолын үйрету» деп аты айтып тұрғандай білімге құштар шәкіртке пайдалы кеңестер мен бағыт-бағдар көрсетпек.

Ендеше, Алла тағала бұл еңбекті барша оқырман мен әрбір білім алушы шәкірт қолынан түспейтін кітабына айналсын деп тілеймін!

*Орта Азия мұфтилер кеңесі мен  
Қазақстан мұсылмандары діни  
басқармасының төрағасы, Бас мұфти,  
Шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі*

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

Барлық мақтау адам баласын жаратылыс атаулы-дан білім мен амал арқылы үстем еткен Алла тағалаға арналады. Адамзаттың мырзасы Мұхаммедке, оның отбасына және ғылым мен даналық қайнары болған ізбасар сахабаларына Алланың сәлемі және амандығы болғай!

Күнімізде көптеген талапкердің ілім жолына түсіп, бірақ білімге қол жеткізе алмай жүргендерін көрдім. Олар білімнің пайдалары мен жемісінен құр қалып жатыр. Өйткені олар білімге апаратын жолда қателікке бой алдырып, кейбір шарттарын орындамай жүр. Бұл өз кезегінде шәкіртті адастырмай қоймайды. Ал адасқан шәкірт мақсатына жете алмақ емес.

Сол шәкірттерге өзімнің кітаптардан көрген және білімді де дана ұстаздарымнан естіген тәсілмен тәлім алу жолын баяндауды жөн көрдім. Кітапты білімге құштар әрі ықыласты шәкірттердің есеп күні менің амандығымды және Алланың мейіріміне ие болуымды сұрап дұға етер деген үмітпен жаздым. Жазбас бұрын Алла тағалаға мінәжат жасап, истихара еттім. Еңбегімді «Таълимул мутаъаллим тариқат таъаллум» деп атадым. Және оны мынадай бөлімдерге бөлдім:

1. Білім мен фиқһтың мәні мен ерекшелігі;
2. Білім алудағы ниет;
3. Айналысатын білім саласын және ұстаз бен жолдас таңдау. Білім алудағы табандылық;
4. Білімді және білім жолындағы барлық нәрсені құрмет ету;
5. Салмақтылық, ұдайылық және үлкен мақсат;

6. Дәрісті бастау. Дәрістің реті мен мөлшері;
7. Білім алу кезіндегі тәуекел;
8. Білімді пайдаланудағы кеңес пен насихат, мейірімділік;
9. Білім алу барысындағы тақуалық;
10. Есте сақтау қабілетін күшейтетін және ұмытшақтықты тудыратын нәрселер;
11. Ризық-несібені шақыратын, оны бөгейтін, көбейтетін және ғұмырды ұзартатын нәрселер.

Арқа сүйерім жалғыз Алла тағала. Соған ғана тәуекел етемін және Соған ғана жалбарынамын!

### **Білім мен фикһтың мәні және ерекшелігі**

«Білім алу әрбір мұсылманға парыз» дейді пайғамбарымыз (с.ғ.с.). Алла расулының осы сынды бірқатар сөздерінен білім алу барлық адамға парыз, бірақ адамдардың барлығына білімнің барлық түрін алу парыз емес деген қорытынды шығара аламыз. Кез келген мұсылманның жағдай мен уақыт талабына сай өмірінде аса қажетті иман шарттары, құлшылық пен қарым-қатынас үкімдері, тұрмыс қағидалары сынды қарапайым ережелерді біліп жүруі керек. Мұсылман болу үшін дін негіздерінен иманға жеткізетіндей білім алу парыз. Ал Алла тағала парыз еткен амалдарды тану және оның шегін білу үшін фикһ іліміне ден қою қажет. Ислам дінінің мақсаты адам баласын бұл дүние және ақыретте бақытқа жеткізу. Алла тағала Құранда:

فَإِذَا قُضِيَتِ الصَّلَاةُ فَانْتَشِرُوا فِي الْأَرْضِ وَابْتَغُوا مِنْ فَضْلِ اللَّهِ  
وَادْكُرُوا اللَّهَ كَثِيرًا لَعَلَّكُمْ تُفْلِحُونَ

«Намаз өтелген кезде жер жүзіне таралыңдар да, Алланың кеңшілігінен несібе іздеңдер. Және де Ал-



ланы көбірек зікір етіндер. Әрине, құтыласыңдар» («Жұма» сүресі, 10-аят), – дейді. Ал Байһақи риуаят еткен хадисте: *«Тектеріңді жақын туыстарыңа бaрып тірелетінге дейін үйреніңдер, сосын доғарыңдар. Араб тілін Алланың кітабын түсінетіндей үйреніңдер, сосын доғарыңдар. Жұлдыздарды жер мен суда ада-спастай етіп үйреніңдер, сосын доғарыңдар»*, – деп айтылған екен.

Білімнің абзалы ғылымхал, амалдың абзалы соны сақтау. Қандай жағдайда болсын мұсылманға өзінің қал-қадірінше білім алуы парыз. Егер намаз оқу кісінің парызы болса, намаздың парызын өтейтіндей ілім үйренуі парыз, уәжібін өтейтіндей ілім үйренуі уәжіп. Өйткені намаз парызын орындауға себеп болатын нәрсе парыз, ал уәжібін орындауға себеп болатын нәрсе уәжіп саналады. Сол секілді ораза, қажылық пен зекет те осылай болмақ. Сауда-саттықты кәсіп етер адамдарға сауда ісінің Ислам шеңберінде жүргізілуін үйренуі парыз.

Әбу Юсуфтың шәкірті, бір жағынан Әбу Ханифаға туыс болып келетін Мұхаммед ибн Хасанға «Тақуалық жайлы кітап жазбайсыз ба?» дейтін көрінеді айналасындағылар. Сонда ибн Хасан: «Сауда-саттық жайында кітап жаздым», – деп жауап береді екен. Мұның мәнісі кісінің шын тақуалығы сауда-саттықта, дүниемен бетпе-бет келгенде көрініс береді. Құдайдан қорқатын құл сауда ісінде мәкрүһ, шүбәлі нәрселерден өзін аулақ ұстайды. Тек саудада ғана емес, кәсіптің кез келген саласында кісі алдымен өзін харамнан қорғай білуі қажет. Бұл барлық кәсіп иесінің бірінші парызы.

Ілім Алла тағаланың тек адам баласына ғана берген бірден бір сыйлығы. Адамзаттың өзге жаратылыстан артықшылығы да осынау таным деген түсінікте жатыр.

Раббымыздың періштелерге Адам (а.с.) алдында сәжде ет<sup>1</sup> деп бұйырған себебі де осы білімді бергенінде жатыр. Мұны кітабымыз Құран былай баяндайды:

وَعَلَّمَ آدَمَ الْأَسْمَاءَ كُلَّهَا ثُمَّ عَرَضَهُمْ عَلَى الْمَلَائِكَةِ فَقَالَ أَنْبِئُونِي بِأَسْمَاءِ هَؤُلَاءِ إِنْ كُنْتُمْ صَادِقِينَ

«Алла Адамға (ғ.с.) біртұтас атауларды үйретті де, сонан соң оларды періштелерге көрсетіп: «Айтқандарың рас болса, Маған осы нәрселердің аттарын айтып беріңдер» деді». (Бақара сүресі, 31-аят).

وَإِذْ قُلْنَا لِلْمَلَائِكَةِ اسْجُدُوا لِآدَمَ فَسَجَدُوا إِلَّا إِبْلِيسَ

«Сол уақытта періштелерге: «Адамға сәжде қылыңдар дедік. Сонда олар дереу сәжде қылды. Бірақ Ібіліс бас тартып, дандайсып қарсы келушілерден болды» (Бақара сүресі, 34-аят).

Білімнің құны сонда, адам баласын тақуалыққа жеткізер бірден бір жол осы білім алу. Ал тақуалық адамды Алла тағала құзырында абыройлы етіп, мәңгілік бақытқа лайықты етеді. Мұхаммед ибн Хасан ибн Абдулланың (Алла оған рақым етсін) мынадай ғибратты өлеңі бар:

Білім ал, иесінің көркі болар,  
Мақтауға лайық заттың төркіні олар.  
Әр күні көп білімнен пайдалан да,  
Пайдалы теңіздің жүз айдынында.  
Фикһ үйрен, жолбасшы ғой бар уақытта.  
Жеткізер ізгілік пен тақуалыққа.  
Ең әділ, хақ сүннетке жол бастайды,  
Ол барлық қиындықтан қорғаштайды.

<sup>1</sup> Сәжде ету бұл жерде құрмет көрсету дегенді білдіреді.

Расында, фикһ ғалымы тақуа жалғыз,  
Шайтанға мың қауіпті болар нағыз

Сондай-ақ жомарттық пен сараңдық, қорқақтық пен батылдық, тәкаппарлық пен кішіпейілдік, сынды қасиеттердің парқына барып қай жақсысын бойға сіңірген жөн. Тәкаппарлық, сараңдық, қорқақтық, ысырапшылдық сынды Алла тағаланың сүймейтін қасиеттері бізге харам. Мұндай жат мінездерден тек оларды танып-білумен және қарама-қайшы тұсын үйренумен ғана сақтануға болады. Сол үшін әрбір мұсылманға бұларды білу парыз. Мырза имам Насыраддин Әбу Қасым ахлақ жөнінде кітап жазып шықты. Еңбек тамаша жазылған, оны әрбір мұсылман жаттап алғаны жөн.

Ал, сақтауға келсек, кей жағдайларда (ілімді жоғалып кетуден) сақтау парыз кифая болып табылады. Кифая парыз – қаланың кей тұрғындары орындаса, қалғандарының мойнынан түсетін амал. Ал, ешкім де орындамаса, барлық тұрғындар күнәға ортақ болады. Сондықтан қала басшысы (имам) тұрғындарды сол парыз кифаяны орындауға бұйыруы, керек десеңіз, міндеттеуі тиіс. Адам баласы үшін өзінің діни әрі дүниелік міндеттерін орындауына тікелей себепкер болатын аса қажет ілім түрлері бар. Бұл адамның бойын тік ұстап, қорек болатын күнделікті ішіп-жеуге мұқтаждығы іспетті. Мұндай білімді әрбір адамның үйренуі жеке басына парыз. Және де белгілі бір уақытта ғана мұқтаж болатын білім түрлері бар. Ол науқас адамның дәрі-дәрмек пен дәрігерге мұқтаждығындай. Білімнің бұл түрін барлық адамның алуы шарт емес. Тек бұқараның сұранысын қанағаттандыра алатындай кісілердің осындай білімді игерулері керек. Ал жұлдыз

ілімі дерт секілді. Оны үйренуге тыйым салынған. Өйткені одан келер пайда жоқ, керісінше зиянды. Себебі Алла тағаланың тағдырынан қашып құтылу мүмкін емес<sup>2</sup>. Сондықтан жұлдыз ілімін құбыланы анықтау және намаз уақытын анықтау сынды нәрселер үшін ғана үйренбек керек.

Ал медицина ілімін үйренген жөн. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) да ем-дом қабылдаған. Имам Шафиғидың (р.а.) мына бір сөзі бар: «Білім екеу: фикһ ғылымы дін үшін, дәрігерлік тән үшін. Ал бұдан басқасын әңгіме үстінде

<sup>2</sup> (Мұнда автор «Алла тағаланың тағдырынан қашып құтылу мүмкін емес» дегенде, «жұлдыз білімі» деп астрономияны айтып тұрмағаны белгілі. Өйткені астрономия ғылымы Алла тағаланың тағдырынан қашуды зерттемейді. Ол аспан денелерін, олардың жылжу жүйелерін, бір-біріне тартылу күшін, олардың шығу және бату уақыттары сияқты дүниелік және діни мәселелерде қажетті тұстарын зерттейтін ғылым. Кімде-кім астрономдардың нәзік зерттеулеріне назар салатын болса, таңғала отырып бұл әлемнің Раббысына сәжде етеді. Алла тағала: *إِنَّ فِي خَلْقِ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَاخْتِلَافِ اللَّيْلِ وَالنَّهَارِ لَآيَاتٍ لِأُولِي الْأَبْصَارِ* «Шәксіз көктердің және жердің жаратылуында, түннің және күндіздің өзгеруінде әлбетте ақыл иелері үшін дәлелдер бар» (Әли Ғимран, 190-аят). Пайғамбар (с.ғ.с.): «Сендер тектерінді туыскандарыңа барып тірелетінге дейін үйреніңдер, сосын доғарыңдар. Араб тілін Алланың кітабын түсінетіндей үйреніңдер, сосын доғарыңдар. Жұлдыздарды жер мен суда жол табатындай дәрежеде үйреніңдер, сосын доғарыңдар», – деген.

Әрбір мұсылман үнемі Алла тағаланы зікір етуі, дұға жасауы, мінәжат етуі, Құран оқып, пәлені қайтаратын садақа жасауы, Алла тағаладан бұл дүние мен ақыретте амандық пен кешірім сұрауы және Алла тағаладан апаттар мен пәлекеттерден қорғауын сұрауы тиіс. Өйткені Алла тағала кімге дұға етуді нәсіп еткен болса, дұғаның жауабынан да мақұрым қалдырмайды. Егер пәлекет тағдырда болса, әлбетте ол кісіге келеді. Алайда, дұғаның берекетімен Алла тағала пәлені жеңілдетіп, пендеге сабырлық беріледі.

үйренуге де болады». Бірақ бұл жерден аталмыш екі ғылымнан басқасының түк пайдасы жоқ деп түсінбеу керек. Мұның мағынасы: әрбір адам діні дұрыс болатындай және құлшылығын қатесіз жасайтындай фикһты үйренуі нақты парыз. Медицинаны аурулардың алдын алу үшін үйрену парыз. Ал бұдан басқа ілім түрі кифая парыздар қатарына кіреді.

Білім кісі бағасын арттырып, дәрежесін жоғарылататын қасиет. Фикһ дегеніміз, білімнің нәзік тұстарын тану және оның себебін түсіндіру. Әбу Ханифа (р.а.) фикһқа «адамзатты және оның құқығы мен міндетін тану» деп анықтама берген. Білімді тек қана біліп қою бар да, онымен амал ету бар. Білім тек амал етілгенде ғана қадірлі. Ал амал кісінің ертеңгі күні үшін өзінің бүгінгі істейтін ісі. Адам баласы дүние мен ақыретте ненің пайдалы, ненің зиянды екенін білуі керек. Ертең ақыретте азабының артып, күнәсінің көбеймеуі үшін адам баласы білімнің тек пайдалысын үйреніп, зияндысынан алыс жүргені абзал. Алла тағаланың қаһары мен жазасының алдында қауқарсызбыз, тек Соның Өзінен ғана пана сұраймыз.

Білімнің қасиеті мен артықшылығы жайлы көптеген аят-хадис бар. Соның екі-үшеуін келтіре кетейік:

«Зумар» сүресінің 9-аятында:

قُلْ هَلْ يَسْتَوِي الَّذِينَ يَعْلَمُونَ وَالَّذِينَ لَا يَعْلَمُونَ إِنَّمَا يَتَذَكَّرُ

أُولُو الْأَلْبَابِ

**Мағынасы:** «(Мұхаммед (с.ғ.с.) оларға) Білгендер мен білмегендер тең бола ма? - де. Шын мәнінде ақыл иелері ғана үгіт ала алады».

«Мужадала» сүресінің 11-аятында:

يُرْفَعُ اللَّهُ الَّذِينَ آمَنُوا مِنْكُمْ وَالَّذِينَ أُوتُوا الْعِلْمَ دَرَجَاتٍ وَاللَّهُ بِمَا  
تَعْمَلُونَ خَبِيرٌ

**Мағынасы:** «Алла тағала сендерден иман келтіргендердің, ғылым берілгендердің дәрежелерін көтереді. Істегендеріңді толық біледі».

«Бақара» сүресінің 269-аятында:

يُؤْتِي الْحِكْمَةَ مَنْ يَشَاءُ وَمَنْ يُؤْتَ الْحِكْمَةَ فَقَدْ أُوتِيَ خَيْرًا كَثِيرًا  
وَمَا يَذَّكَّرُ إِلَّا أُولُو الْأَلْبَابِ

**Мағынасы:** «Алла тағала хикметті (терең білімді) қалаған құлына береді. Ал кімге білім берілсе, оған көптеген игілік беріледі. Бұны ақыл иелері ғана түсіне алады».

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) да бір хадисінде: «Алла тағала кімге жақсылық қаласа, дінін үйретеді. Бұл дүние мен ақырет жақсылығы біліммен болмақ. Бұл дүние мен ақыреттің жамандығы надандық салдарынан», – дейді.

### Білім алудағы ниет

Шәкірт білім жолында ниетті болуы шарт. Өйткені ниет барлық істің бастауы. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ра-сында амалдар ниетке сай...»<sup>3</sup>, – деген. «Қанишама іс дүниелік болып көрінеді, бірақ ізгі ниеттің арқасында ақырет амалына айналады. Сол сияқты қанишама амал ақырет ісі болып көрініп, жаман ниет кесірінен дүние ісі болып қалады», – дейді тағы бірде. Шәкірт білім алу кезінде Алла тағаланың разылығы, ақыреттік жағдайы, өзі мен халықты ағарту, дінге қызмет ету, Ислам-

<sup>3</sup> сахих хадис

ды сақтау ниетінде болуы қажет. Исламды сақтау тек біліммен іске асады. Сондай-ақ надандықтың дағы санадан сүртілмей тұрып тақуалық пен зуһд (жамандықтан сақтану) жүрекке қонақтамайды. Ұстазым шейх Бұрханаддин кейбіреулерге қаратып:

Мәнсіз ғалым болар үлкен жамандық,  
Одан жаман тақуа, бірақ надандық.  
Оны үлгі тұтса пенде дінінде,  
Дүниеде бүлік болар түбінде, – дегені бар.

Сонымен қатар шәкірт Алланың берген ақылы мен денсаулығына шүкіршілік қылуды ниет етеді. Бірақ адамдардың көңілін, дүниенің қызылы мен жасылын, бай мен бағланның сыйлығын ойына да алмауы керек. Мұхаммед ибн Хасан (р.а.): «Егер адам баласының барлығы менің құлым болса, оларды азат етіп, қожасы болудан бас тартар едім», – деген екен. Шынымен де, кімде-кім білім мен ізгі амалдың ләззатын татса, кісі қолындағы дүниеге деген қызығушылығы пышақ кесті тыйылар еді.

Шейх, ұлық имам, ұстаз Қиуамаддин Хаммад ибн Ибраһим ибн Исмаил әс-Саффар әл-Әнсари Әбу Ханифаға (р.а.) бір өлең жолын жаздырып:

Ақыретке кімде-кім білім алса,  
Фазилетпен ашылар тура жол да.  
Нендей шығын, білімді өзгелердің  
Ықыласы болсын деп алар болса, – деген екен.

Аллатағалағамәлім, егер пенде жұртты жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыйып, ақиқатты жүзеге асырып, дінді қадірлі ету үшін ғана мансап қажетсіңсе және мұнысына өзінің дүниелік бақай есебі мен нәпсісі араласпаса, жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю шамасынша рұқсат етіледі. Ниет жайын шәкірт

мұқият ойлануы қажет. Себебі білім алу үлкен төзім мен қиындықты талап етеді. Сондықтан шәкірттің есілдертін өткінші, болмашы, құнсыз дүниелер мазаламауы тиіс.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Дүниеден сақ болындар. Мұхаммедтің жанын уысында ұстаған Алламен ант етейін, дүние Һарут пен Маруттың сиқырынан да күшті», – деп ескерткен.

Бұл дүние сарқылар аз дүние,  
Оны сүйсе, қор қылар баз дүние.  
Сиқырымен керең ғып, көр етеді,  
Жолбасшысыз қалдырып қор етеді, – дейді.

Білім жолына түскен адам жөнсіз жерде дәмепіп, өз қадірін түсірмеуі керек. Білімнің бағасын түсіріп, ғалымдардың атына кір келтіретін жерлерге жоламауы керек. Ғалымға жарасары кішіпейілдік. Кішіпейілдік тәкаппарлық пен қорлық және пәктік арасындағы ұғым. Ахлақ кітаптарында бұған арнайы анықтама да берілген.

Адиб Мұхтар атымен танымал шейх, ұлы имам, Рукнаддин (р.а.) бір өлең жолында былай деген екен:

Кішіпейілдік мінез расында,  
Тақуада ғана болады.  
Сонымен жетер асуға,  
Білместер қайран қалады.  
Білмеушілер өмірі қалай өтерін,  
Бақытты ма, не бақытсыз екенін,  
Ертең жаны өрлейді ме жоғары,  
Әлде төмен құлап құздан кетерін.  
Тәкаппарлық Раббымыздың сипаты,  
Сақтан одан, таста тірлік бекерін.



Әбу Ханифа (р.а.) жолдастарына сәлделеріңіз үлкен, жеңдеріңіз кең болсын дейді екен<sup>4</sup>. Әбу Ханифа демекші, ғалымның Юнус ибн Халид әс-Самтиге (р.а.) жазған «әл-Уасыя» кітабы білім жолына түскен кез келген шәкіртке ауадай қажет. «Ұстазымыз шейх Бурханул әимма Әли ибн Әбу Бәкір (қ.а.с.) маған қайтарда оны жазуды тапсырған еді. Мен оны сол жолы жаздым», – дейді Әбу Ханифа (р.а.) аталмыш кітап туралы. Бұл ұстазға және пәтуа берушіге адамдармен қарым-қатынаста аса қажет.

## **АЙНАЛЫСАТЫН БІЛІМ САЛАСЫҢ, ҰСТАЗЫҢ ЖӘНЕ ЖОЛДАС ТАҢДАУ**

### **Білім алудағы табандылық**

Білім іздеуші ілімнің ең жақсысын (білімнің ең жақсысы талас-тартыс пен қарама-қайшылықтан ада болғаны) және өзіне қажет болған діни мәселені оқуы керек. Сосын дүниелік істерде қажетті мәселесінің жөнін үйренгені дұрыс. Таухид пен мағрифатты бірінші кезекте оқуы керек. Алла тағаланы дәлелді түрде тануы керек. Өйткені муқаллидтің иманы бізде, әһли сүннетте дұрыс болғанымен, дәлел іздемегені үшін күнәһар болады. Таухидтегі дәлелдердің ең жақсысы табиғи әрі қарапайым дәлелдер. Бұл дала арабының батыл да анық түрде «жатқан тезек түйенің барын көрсетеді, із жолаушыны көрсетеді. Ал кең жер мен жұлдызды аспан ше,

---

<sup>4</sup> Бұл жерде білім алушы өзінің сыртқы кейпі мен алып жатқан білімі ұлылық пен құрметке лайықты екендігін білдіре отырып білімге деген құрметті және білімнің дәрежесін көтеру болып табылады. Ол білім мен білім иелері төмен саналмау үшін осылай айтқан.

Құдіретті Ұлы затты көрсетпей ме?!» – деген сөзіндей болса жеткілікті. Білім алушы ескіні таңдап, жаңадан сақтануы қажет. Мұндағы ескі дегеніміз – бірауыздан дұрыстығына кесімді дәлелмен құпталған жайт. Ал жаңа дегеніміз – әлі күнге дейін қарама-қайшы пікір тудырып, бірінің дәлелін екіншісі жоққа шығарып жүрген жайттар. Ғалымдар «Ескіге берік болыңдар, жаңадан сақтаныңдар» дейді. Сондай-ақ үлкен ғалымдар кеткеннен кейін пайда болған пікірталастан да аулақ болған жөн. Өйткені ол шәкіртті фикһтан алыстатып, ғұмырын зая етіп, арада жабайылық пен дұшпандықты тудырады. Ал бұл дегеніңіз ақырзаман белгілерінің бірі. Адамдар арасынан білім мен фикһтың кетуі, хадисте осылай келтірілген. Дайлами Ибн Масғудтан (р.а.) риуаят етеді: *«Білім жоғалмай жатып үйреніңдер. Өйткені сендер оған қашан мұқтаж болатындарыңды білмейсіңдер. Білімді берік ұстаңдар, ал қатыгездіктен, жаңа нәрселерден, қазбалаудан сақ болыңдар, ескіге берік болыңдар».*

Ұстаз таңдағанда да ең білімді, аса тақуа және жасы үлкен ұстазға бару қажет. Әбу Ханифа (р.а.) ұстазы Хаммад ибн Сулайманға (р.а.) барарда көп ойланып барып бір-ақ таңдаған. Имам Ағзам өз ұстазы жайлы: «Мен оның жасы үлкен, салмақты, жұмсақ әрі сабырлы екенін көрдім. Ақырында сол кісінің тәрбиесімен ер жеттім», – дейді. Пайғамбардан (с.ғ.с.) асқан парасатты жан жоқ болғанына қарамастан Алла тағала о елшісіне де кеңесуді әмір еткен. Сондықтан Расулаллаһ өз сахабаларымен барлық істе, тіпті отбасы мәселесінде де кеңесуші еді. Әли (р.а.): «Кеңескен кісі кемімейді», – деген екен.

Адамдар кемел кісі, жарты кісі және жоқ кісі болып үшке бөлінеді. Кемел адам – өзінің дұрыс ойы бар және жұртпен де кеңесетін адам. Жарты адам – дұрыс ойы бар, бірақ кеңеспейтін адам. Ал жоқ кісі – өзінің дұрыс ойы да жоқ және ешкіммен кеңеспейтін адам.

Жағфар Садық (р.а.) Суфиян Сауриге: «Барлық ісінде Алла тағаладан қорқатын кісілермен кеңес», – деп өсиет еткен екен. Ал білім алу – амалдардың ең үлкені әрі жауаптысы. Сондықтан бұл мәселеде кеңесу өте маңызды. Хәкім: «Егер Бұхараға барсаң, әр **имамдарды (ұстаздарды) мазалауға асықпа! Екі ай күтіп**, нақты бір ұстазды таңдағанша ойлан. Егер сен бір ғалымға барып, сабақ бастасаң, саған оның дәрісі ұнамай қалуы мүмкін. Сосын оны тастап, басқа бір ұстаздың қолына барасың, бірақ саған бұлай ұстаз ауыстыра беру береке бермейді. Ұстаз таңдауда екі ай ойлан және кеңес. Сонда ұстазды тәрк етуге және басқаға кетуге мәжбүр болмайсың. Осылай етсең, оқуың берекелі болып, біліміңнен көп пайдаланасың. Сабырлық пен табандылық барлық істің үлкен негізі екенін білгенің жөн», – деген екен.

Әр биікке ұмтылуға әрекет

керек екен, болсын десең берекет.

Адам үшін табандылық қиын ғой,

Табансыздық қашан-дағы пәлекет, – деп айтылғандай, білім жолы оңай емес.

«Батылдық – бір сәттік сабырлық» деген сөз бар. Сондықтан білім алушы бір ұстаздың қолында сабырлық пен табандылық көрсетіп, кітапты аяқсыз қалдырмай, бірінші пәнді толық тәмамдамай екінші пәнмен айналыспауы керек. Сондай-ақ оқып жүрген қаласынан екінші қалаға қажетсіз көшпеуі тиіс. Мұның

барлығы істің ара-жігін ажыратып, ақыл ойды мазалап, уақытты босқа өткізіп, мұғалімнің көңілін қалдырады. Сондықтан шәкірт нәпсі мен құмарлық қалауына қарсы сабырлық танытуы шарт.

Расында құмарлық – қорлықтың бір мәні,  
Құмарлық құрбаны – қорлықтың құрбаны, – деген екен бір ақын.

Шәкірт бар қиындыққа төзімді болуы керек. «Арман қазынасы – қиыншылық дорбасында» деген сөз бар.

Расында ілімге алты жол жетелер,  
Жеткізіп айтайын, жолбасшы ете гөр:  
Зеректік, құмарлық, азық пен сабырлық,  
Ұстаздың нұсқауы, уақыт, бәрін де ұқ, – деген өлеңді кейбіреулер Әли ибн Әбу Талибтің өлеңі деп жүр.

Енді оқудағы жолдасты таңдауға келейік. Білімдегі серік еңбекқор, тақуа әрі жөні түзу адам болуы қажет. Жалқау, мылжың, бұзық шәкіртке көп жоламаған дұрыс.

Кісі жайлы сұрама, серігіне қарағын,  
Әр адамның сипатын жолдасына балағын.  
Жаман болса серігі, көп күттірмей қаш одан,  
Жақсы болса, жақын тұт, жол тапқызар Жасаған, – деген екен тағы бір ақын. Келесі бір өлең жолдарында: Жалқауларды жолдас етпе ешқашан,  
Қаншама ізгі содан келіп бұзылған.  
Табандыға ақымақ дерті тез өтер,  
Күлге қойған шоқтай болып тез сөнер, – делінген.

Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Әрбір туылған нәресте Ислам болмысымен туылады. Бірақ кейіннен ата-анасы оны яхуди етеді немесе насара етеді немесе ма-*

жуси етеді», – деген. Ал парсы даналығында: «Заты пәк Аллаға қасам! Жаман дос сені жаһаннамға жетелер, жақсы досты ұста! Жаннатты табасың», – делінеді.

Білімді иесінен алмақ болсаң,  
Кісі жайлы жоқ кезде айтпақ болсаң,  
Жерлерді өз атына балап-дағы,  
Кісіні жолдасына қарап таны, – деген тағы бір сөз бар екен.

### **Білімді және білім иелерін құрмет ету**

Шәкірт білімді тек ілім және оның иелерін құрметтеумен ғана ала алады және пайдаланады. «Ұстазды құрмет етудің мәні – бұл кісі жеткен жетістігіне тек құрмет етумен ғана жетеді деген сөз. Ал кісінің құлауы құрмет етуді білмеуден». Құрмет ету – сөзсіз бағынудан да жақсы. Байқасаңыз, кісі күнә жасаумен кәпір болмайды. Күнәлі істі жеңіл санаумен және құрмет етпеумен кәпір болады. Ұстазды құрметтеу – білімді құрмет етудің бір түрі. Әли (р.а.) бұл туралы: «Мен өзіме бір әріп үйреткеннің құлымын. Қаласа мені сатып жіберсін. Қаласа басыма бостандық берсін, қаласа құл етіп алсын», – деген екен.

Маңызды ақы – мұғалімнің ақысы,  
Оны сақтау – мұсылманның хақысы.  
Бір үйреткен әріп үшін мың дирхам  
сыйласа да, болмас мұның шатысы.

Шынымен де, сізге дініңізде қажетті бір әріпті үйреткен кісі – діндегі сіздің әкеңіз. Ұстазымыз шейх имам **Садидаддин Ширази** (р.а.): «Біздің машайыхтарымыз (Алла тағала оларға рақым етсін) кімде-кім баласы ғалым болғанын қаласа, фәріп фикһ ғалымдарды қонақ етіп, тамақ берсін, оларды құрметтеп сый-сияпат жасасын. Егер баласы ғалым болмаса, немересі ғалым

болады дейтін еді», – дейді. Ұстаздың алдына түсіп алып жүрмеу, орнына отырмау, рұқсатсыз сөз бастамау, рұқсатсыз сөзді көбейтпеу – ол кісіге деген құрмет. Сондай-ақ ұстаз шаршап тұрғанда сауал қоймау, уақытқа мән беру, ұстаз бөлмесінен шыққанша есікті қақпай сабыр ету де сыйластыққа жатады.

Жалпы айтқанда, ұстазының ризашылығын іздеп, ашуынан сақтану, Алла тағалаға күнә болмайтын барлық істерде бұйрығын бұлжытпай орындау құрметтеудің белгілерінен. Жаратқанға күнә болатын істе жаратылғанға (адам баласына) бойұсыну жоқ. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): *«Адамдардың ең жаманы – өзгенің дүниесі үшін өз дінін (жоғалтқаны) кетіретіні»*, – деген.

Ұстаздың бала-шағасы және ол кісіге жақындығы бар адамдарды да құрмет ету ұстазды құрметтеуге жатады. Біздің ұстазымыз шейхул ислам, Бурхан әд-Дин (**Һидая авторы**) (р.а.) айтады: «Бұхараның үлкен имамдарының бірі дәріс беріп отырған еді. Ол ара-кідік дәріс үстінде орнынан түрегеп тұратын. Ол кісінің бұл әрекетінің мәнін сұрағанда: «Менің ұстазымның баласы көшеде балалармен ойнап жүрген. Ол кейде мешіт есігіне келіп қалады. Оны мен көріп қалғанымда ұстазыма құрмет көрсетіп орнымнан тұрамын», – деп жауап берді».

Қази имам Фахраддин Арсабанди Мару қаласы имамдарының басшысы еді. Ол кісіні сұлтан қатты құрмет тұтатын. Ол: «Мен бұл мансапты ұстазымды құрмет етумен таптым», – деп айтушы еді. Сондай-ақ: «Мен ұстаз қази имам Әбу Язид әд-Дубусиге қызмет ететінмін. Ол кісіге (бір нұсқада отыз жыл) тамақ әзірледім, әзірлеген асымнан бір түйір де

жемейтінмін», – деген екен. Шейх ұлық имам шамсул әимма әл Халауани (Алла тағала оған рақым етсін) Бұхарадан шығып, бір жағдайға байланысты бірер күн бір ауылда тұрақтап қалады. Ол кісіні шейх имам қази шамсул әимма Әбу Бәкір әз-Зарнужиден (Алла тағала оған рақым етсін) басқа барлық шәкірттері зиярат етіп келеді. Ұстаз келмеген шәкіртін жолықтырғанда: «Неге менің жағдайымды сұрап келмедің?», – деп сұрады. Ол ұстазына: «Анамның қызметінде болып, қолым босамай жатқан еді», – деп жауап берді. Ұстазы: «Ұзақ өмір сүресің, бірақ дәріс берекесінен мақұрым боласың», – деген екен. Расында, ұстазы айтқандай, ол көп уақытын ауылда өткізіп, дәрісі жүйеленбей қойған екен. Кімдекім ұстазының көңілін қалдырса, білім берекетінен мақұрым болады. Ондай кісі білімнен тек аз ғана пайда алады.

Мұғалім мен дәрігерге расында,  
Көрсетпесең құрмет, бермес кеңесін.

Дәрігерге дөрекілік ашуға  
барар болсаң, дертке сабыр етесің.

Мұғалімге дөрекілік жасасаң,

Надандыққа көніп мәңгі өтесің, – деп айтылған.

Бір хикаяда былай делінеді: Халифа Һарун Рашид баласын Асмаьиге білім мен әдеп үйрену үшін жіберген екен. Халифа баласының жағдайын білу үшін келсе, ғалым дәрет алып, аяғын жуып отырады. Ал, баласы ұстазының аяғына су құйып тұрады. Сонда халифа ұстаз Асмаьиге: «Мен сізге балама білім берсін, әдеп үйретсін деп жіберген едім. Неге балама бір қолымен су құйып, екінші қолымен аяғыңызды жууды бұйырмадыңыз?!» – деп сынаған екен.

Кітапты қадірлеу де – ұстазды құрметтеудің бір түрі. Білім үйренуші кітапты тек дәретпен қолына алуы қажет.

Шейх шамсул әимма әл-Халауани (Алла тағала оған рақым етсін): «Расында мен білімге құрметпен жеттім. Мен парақ атауын да қолыма тек дәретпен ұстайтынмын», – деген екен. Шейх имам шамсул әимма Сарахси (Алла тағала оған рақым етсін) іші ауырып жүрген. Ол түнде дәріс қайталап, сол түні он жеті рет дәрет алады. Өйткені дәрісті тек дәретпен қайталайтын.

Білім дегеніміз – нұр, дәрет те – нұр. Білімнің нұры дәретпен арта түседі. Білімді құрмет етудің бірі – кітапқа қарай аяқ созбау. Және тәпсір кітабын басқа кітаптардың үстіне қою да білімді құрметтеу болып табылады. Сондай-ақ, кітаптің үстіне (сия сияқты тағы) басқа зат қоймау – білімге деген құрмет. Біздің ұстазымыз шейх Ислам Бурһанаддин (Алла тағала оған рақым етсін) шейхтардың бірінен баяндайды: «Бір фикһ ғалымы кітап үстіне сиясауыт қояды. Сонда оған парсышалап: «Біліміңнен пайда таба алмайсың», – депті.

Қазихан атымен танымал ұстазымыз қазі ұлық имам Фахраддин (Алла оған рақым етсін): «Кітап үстіне бір нәрсе қойғанда кітапты менсінбеу ниеті болмаса, оқасы жоқ. Алайда, мұндайдан сақтанған абзал», – деген екен.

Дәптерге әдемі етіп жазу және әріптерді тым кішірейтпеу, сонымен бірге қағаздың шетінен орын қалдыру да білімді құрметтеуге жатады. Тек қажеттілік туғанда ғана дәптер шетіне жазуға болады. Әбу Ханифа (р.а.) әріптерін майда етіп жазып отырған адамды көргенде: «Жазуың майда болмасын, егер ұзақ өмір



сүрсен, бұл әрекетіңе өкінесің, ал дүние салсаң, сөзге қаласың», – деген екен. Имам сөзінің мағынасы: ұзақ өмір сүрсен, қартайып көзің нашарлағанда өзің жазған майда жазуды оқи алмайсың, – дегенді білдіреді.

Шейх имам Маждаддин әс-Сархакиден: «Біз майда жазсақ, өкінеміз, қысқартып жазсақ, өкінеміз және салыстырып жазбасақ, өкінеміз. Яғни, ескерусіз қалдырған жайтқа үнемі қажеттілігіміз болатын. Біз жазылған дүниенің кең әрі жай-жапсары анық болғанын қалаушы едік. Сондай-ақ, салыстырып жазбасақ, қате шығатын», – деген.

Сонымен бірге, кітап (дәптер) төрт бұрышты болуы қажет. Әбу Ханифа (р.а.) кітаптарды төрт бұрышты ететін. Төрт бұрышты кітап қолдануға жеңіл. Сондай-ақ, жазуда қызыл сия болмағаны дұрыс. Қызыл сия алдыңғы буынның (сәләф) емес, философтардың ісі. Біздің шейхтарымыздың ішінде қызыл аралас сия қолданғанды ұнатпайтындары болған.

Білімді құрметтеудің келесі бір түрі – бірге оқитын жолдастарды құрметтету. Жағымпаздық–жаманқылық. Тек білім алу барысында ғана оған рұқсат етіледі. Білім алушы өз ұстазына және білімдес серіктеріне олардың білімдерінен пайдалану үшін жағымпаздық етсе айып емес.

Білім алушы дәріс пен даналық сөздерді құрметпен тыңдауы тиіс. Тіпті, бір мәселені немесе бір сөзді мың рет естісе де артық емес. Кімде-кім бір нәрсеге мың рет естігеннен кейін де алғаш естігендей құрметпен құлақ салмаса, ол білім жолындағы адам қатарынан емес деп айтылған.

Шәкірт білімнің түрін өз бетінше таңдағаны дұрыс емес, бұл істі ұстазына тапсырғаны жөн. Шын мәнінде

ұстаздың бұл мәселеде тәжірибесі бар. Ол әрбір шәкіртке не қажет және болмысына ненің лайық екенін жақсырақ біледі. Шейх ұлық имам ұстаз Бурһанаддин: «Білім жолындағы шәкірттер әуелгі замандарда білім алуда өздерін ұстаздарына тапсыратын. Осылайша олар өз мұрат-мақсаттарына жететін. Ал, қазір өздері таңдайды да, білім мен фикһта мақсаттарына жетпей жүр», – деген екен. Себебі олар өздеріне қайсы білімнің пайдалырақ және қайсы білімнің өз болмыстарына сай келетіндігін білмейді.

Мұхаммед ибн Исмаил әл-Бұхари (р.а.) бастапқыда намаз кітабын Мұхаммед ибн Хасаннан (р.а.) үйренеді. Кейіннен ұстазы Мұхаммед хадис ілімі оның табиғатына сай екенін байқаған: «Сен хадис ілімін үйрен», – дейді. Жас Бұхари осыдан кейін сол ілімді үйреніп, хадис танушылардың көшбасшысы болып, алдыңғы қатарға шыққан.

Шәкірт қажет болмаған жағдайда дәріс кезінде ұстазға тым жақын отырмауы керек. Шәкірт пен ұстаз арасы садақ бойындай алшақ болғаны жөн. Міне, бұл әрекет те құрмет белгілерінен.

Шәкірт жағымсыз мінездерден аулақ болуы шарт. Өйткені жағымсыз қылықтар «ит» секілді. Алла елшісі (с.ғ.с.): «*Періштелер ит немесе сурет бар үйге кірмейді*», – деген. Расында, адам білімді періштелер арқылы үйренеді. Жағымсыз мінездерді ахлақ кітаптарынан үйреніп, тануға болады. Ал, бұл кітабымыз оған арналмаған.

Сондай-ақ, шәкірт, әсіресе, тәкаппарлықтан сақтануы керек. Тәкаппарлықпен басқа білім қонбайды.

Мына өлең жолдарында:  
Білім деген тәкаппар жігітке қас дұшпан,  
Сел суы мен биік жердей қастасқан, – делінген.  
Және де:  
Ілім бақытпен болады,  
әрбір әрекет етушінің әрекетімен емес.  
Бірақ әрекет етушінің әрекетінсіз,  
Бақыт қайдан болсын?!  
Құлдар бар қаншама қожа орнына тұрған,  
Қаншама қожа бар құл орнына құлдыраған.

### **Табандылық, ұдайылық және үлкен мақсат жайлы**

Білім алушыға табандылық, ұдайылық аса қажет.  
Бұған қатысты Құранда мынадай сілтеме бар: «Әй,  
Яхия! Кітапты мықты ұста...» (Мариям сүресі, 12-аят).

Және Алла тағала: «Сондай жолымызда  
күрескендерді, әлбетте, тура жолымызға саламыз...»  
(Ғанкабут сүресі, 69-аят) және

Сондай-ақ, «Кімде-кім бір нәрсені мақсат етіп,  
табандылық танытса, мұратқа жетеді, ал кімде-кім  
есікті қағып күтіп тұрса, ішке енеді», – деп айтылған.  
«Қанша қиналсаң, сонша арманға қол жеткізесің» –  
дейді. Білім және тәлім алуда үш адамнан табандылық  
талап етіледі: шәкірт, ұстаз және көзі тірі болса әке, –  
делінген. Шейх имам ұстаз **Садидаддин** Ширази (р.а.)  
имам Шафиғиге:

Табандылық ұлы істі жақындатар,  
Табандылық алдыңнан есік ашар.  
Өттеген-айға лайық Алла құлы,  
Мақсаты бар, алайда тар тұрмыстың,  
Қиындығына тап болып қалған құлы.  
Жаратқан тағдырының бір айғағы,

Ақылдының тарығып, ақымақтың  
Тарлық көрмей, салатын жын-ойнағы.  
Кімге ақыл берілсе, байлық болмас,  
Бұл екі зат өзара жақын тұрмас.

Демек, байлық пен ақыл бір-бірінен алыс екен. Алайда, білімді әрі ақылды адам бай болмауы керек деген ұғым емес. Әбу Бәкір және Абдурахман ибн Ауф сынды сахабалар өте бай кісілер болған. Бұл орайда, айтылып тұрған жайт білім жолындағы шәкірттердің дүниені армандамауы үшін айтылған өлең жолдары. Өйткені байлық іздеген байлықтың артынан кетеді. Ілім іздеген білімді болмақ. Сондықтан да ақын байлық пен білім екеуі бір-бірімен үйлеспейтін дүниелер деуде. Білімді немесе тақуа адамның бай болуы дұрыс емес деген ой пайда болмауы керек. Алайда, байлықтың соңына түсіп алып, дінді ұмытып кетер болса, ондай байлықтан ешбір қайыр жоқ.

Тағы бір өлең жолдарында:  
Ұлы фақиһ болуға мақсаттысың,  
Қиындықсыз қалайсың жақсы атты шын.  
Жындылар да болады-ау түрлі, сірә,  
Бейнетсіз бақ келмейді тұрмысыңа.  
Сол үшін де төзеді адам оған,  
Қиындықсыз білім де жоламаған.

Сауда-саттық жасаймын деген адам ұзақ жолдардан азып-тозып тауар тасып кәсіп етеді. Ал, енді білім қалайша машақатсыз болсын?! Адам баласын екі дүниеде де бақытқа жетелейтін білім қалайша бейнетсіз болмақ?! Мал екеш, малды табу үшін, бір табыс табу үшін бейнет етесің. Ал, білім қалайша, оңай машақатсыз игерілсін?! – дейді ақын.

Әбу Таиб:

Көрген жоқпын адамдар ішінде мен,  
Ең сорақы айыпты түсінбеген.  
Жете тұра шамасы, шаруасын  
Аяғына жеткізіп бітірмеген.

Мәселен, мына кітапты оқып бітіруге шамасы жете тұра, жежегесі кері тартып кітапты кем етіп тастап кетеді. Бұны адамдар айыбының ішіндегі ең үлкені деп білдім дейді ақын.

Білім іздеген шәкіртке түндерін ұйқысыз өткізгені  
лазым.

Ақынның мына өлеңіндегі:  
Бейнетке жараса, биік те бағынар.  
Талапты жан түнде ұйықтамай сағынар.  
Білімді қалайсың, тек түнде ұйықтайсың,  
Інжуді іздесең, теңізден шықпайсың.  
Мақсаттың ұлығы – биік бір мәртебе,  
Қадірлі адамдар ұйықтамас әсте де.  
Ұйқыны тәрк еттім, уа, Раббым, түндерде,  
Разылығың Өзіңнің болсыншы біздерге.  
Машақат көрместен мәртебе қалаған,  
Тым алыс затты іздеп өмірі жоғалған.  
Уа, Алла білімнің сәтін бер құлдарға,  
Мені де жеткізші тым биік шыңдарға.

Кейбір данышпандар: Түнді түйе етіп мінсең,  
жетесің онымен мұратқа, – деген екен.

Автор (Алла тағала оған разы болсын): осы  
мағынаға сай ойыма:

Кім қаласа мақсаты мен арманы,  
Болсын десе көп күттірмей алдағы.

Түйе қылып мінсін түнін әрдайым,  
Тамақты азайт, ұйықтамауға бол дайын.

Білмек болсаң кемелдіктің мән-жайын, – деген  
ұйқас сөздер келді.

«Кімде-кім түнді ұйқысыз өткізсе, жүрегі күндіз  
қуанады», – делінген екен тағы бір даналықта.

Білім іздеуші ұдайы дәріс оқуы, сондай-ақ, түннің  
әуелгі және соңғы уақытында дәрісін қайталап отыруы  
керек. Өйткені ақшам мен құптан арасы және сәресі  
уақыты берекеге тола. Осы мағынада мынадай өлең  
жолдары бар:

Ей, талапкер, тақуа бол әркезде,  
Қой ұйқыны, тоқтықтан да сақтанғын.

Дәрісінді жалғастыр да, қол үзбе,

Білім, сірә, қолында ғой тапқанның, – делінген.

Білім іздеуші жастық шағы мен күш-қайраты бар  
кезінің қадірін білуі қажет. Мына өлең жолдарында:

Қалағаның берілер, қалай еңбек етесің?!

Үлкен мақсат бар болса, түнде ұйықтамай  
жетесің.

Жастық шақтың қадірін білмей жүрсең, сол қайғы,  
Өйткені ол жастық шақ мәңгі-бақи болмайды, –  
деп айтылған.

Шәкірт өзін қинай бермеуі де керек. Қажыр-  
қайратын баяулататындай дәрежеде өзін қалжыратпауы  
тиіс. Керісінше, өзіне жұмсақтық танытқаны жөн.  
Өйткені жұмсақтық – барлық нәрсенің үлкен  
негізі. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): *«Бұл дін берік. Оған  
жұмсақтықпен бойлаңдар және Алла тағалаға  
құлшылықты өздеріңе ауырлатып алмаңдар. Өйткені  
қиналған жан жолда да жүре алмайды, көлікті де жау-  
ыр (өлтіреді) қылады»*, – деген. Сол сияқты, пайғамбар

(с.ғ.с.): «*Нәпсің – сенің көлігің, оған жұмсақ бол*», – деген.

Мұнымен бірге, білім іздеушінің үлкен мақсаты болуы керек. Өйткені үлкен мақсаты бар адам құс секілді қос қанатымен ұшқандай самғайды.

Әбу Таиб:

Ниетке сай мақсат та орындалар,  
Қал-қадірі адамның содан болар.  
Ұсақ-түйек көзіне кішілердің  
Үлкен болып көрінер, түсінер кім?  
Ал үлкеннің көзіне істер үлкен  
Кіші болып көрініп, түспес мүлдем.

Өлең жолы:

Әрбір ілімге құштар бол, кемелдікке жетерсің,  
Жалқау болып, шектелме бір іліммен сен.  
Бал арасы жинайды әр жемістен,  
Осы ақиқатты біл, шам мен балды.  
Шамның берер шуағы бар,  
Бал – шипа, емдейді науқасты.

Ей, білім іздеуші! Сен атқа мінген адамсың, қалғандары жай жаяу жандар. Сенің ілімің қорғаушың. Адамдар қиямет күні жалаңаш күйде тіріледі. Ал, сен білім нұрына оранған (киінген) боласың. Әр нәрсе үшін бір мінбер қойылады, ал ғалым Аршының астында отырады.

Ей, білім іздеуші! Тақуалық жолын ұста,

**Тамақты азайт, ұйқыны қой**, – деп айтылған екен.

Ей, білім іздеуші! Түнде және күндіз ынталы бол. Өйткені білім алу ынта-жігер және дәрісті қайталаумен игеріледі.

Шын мәнінде, әр нәрсенің түбіне жететін апаты бар. Білімнің апаты – ынта-жігер мен дәрісті қайталауды тәрк ету.

Бір нәрсеге қол жеткізудің негізі – табандылық пен үлкен мақсатта жатыр. Кімде-кім Мұхаммед ибн Хасанның (р.а.) барлық кітабын жаттап алуды мақсат қылса, сондай-ақ, мақсатына сай табанды да талапты болса, ол кітаптардың барлығын немесе жартысын жаттап алады. Ал, кімде-кімнің үлкен мақсаты болып, бірақ табандылығы жетпесе, немесе табанды бола тұра, үлкен мақсаты болмаса, тек аз ғана білім үйренеді.

Шейх ұлық имам ұстаз Радиауддин Нисабуридің (р.а.) «Макарим Ахлақ» кітабында: «Зұлқарнайын жердің шығысы мен батысын жаулауға аттанбақ болғанда, ол өз данышпандарымен кеңесіп: «Мен неге мұндай патшалық үшін аттанамын? Дүние аз әрі өткінші, ал дүниенің мүлкі елеусіз дүние. Бұл ұлы мақсатқа жатпайды», – дейді. Данышпандары: «Сіз дүниемен қоса ақырет мүлкін алу үшін аттаныңыз», – дейді. Сонда Зұлқарнайын: «Міне, бұл (мақсаттың) ең жақсысы», – деген екен. Алла елшісі (с.ғ.с.): «*Расында Алла тағала ұлық істерді сүйеді. Ал, қор істерді ұнатпайды*», – деген.

Іс еткенде асығыстық танытпа,

Байыппенен жалғастыра бергейсің.

Қисық өскен ағашты тек үздіксіз

Әрекетпен ғана бәлкім түзейсің, – дейді.

Әбу Ханифа Әбу Юсуфке (Алла тағала екеуіне де рақым еткей): «Сен жаттау қабілеті төмен шәкірт едің. Сені (бұл мақамға) табанды әрекетің алып шықты», – деген екен.



Шәкірт! Жалқаулықтан сақ бол! Жалқаулық – бақытсыздық әрі үлкен бәле. Шейх имам Әбу Насыр әл-Саффари әл-Ансари (р.а.):

Ей, нәпсі! Ей, нәпсі! Амалды тоқтатпа!

Жақсылық, әділдік, ізгілік бар уақта.

Ізгілік етуші жетеді жеңіске,

Жалқаулар құлайды шыңырау еңіске, – деп айтқан.

Менің айтар ойыма сәйкес етіп, автор былай дейді:

Нәпсім менің, жалқаулықты доғарғын,

Ерінумен биік шыңға қонар кім?

Тыйылмасаң, көнесің де қорлыққа,

Олжа алғанын көрген емен олардың.

Өкініш пен тыныштықтан мақұрым

Қалғанын тек көрген, сірә, болармын...

Тағы бір өлең жолында:

Қаншама ұялу, өкініш, әлсіздік,

Жалқаулық тудырар, өмірді мәнсіз ғып.

Ақиқат іздеуде жалқаулық танытпа,

Білмеген нәрсені сұраудан жалықпа.

Жалқаулық білімнің артықшылығы мен жақсылығы жайлы аз ойлағандықтан болады дейді. Оқушы білім алу кезінде оның артықшылығын ойлай отырып, өзін оқуға, табандылық пен ұдайылыққа машықтау үшін барынша күш салғаны жөн. Өйткені білім – мәңгілік (мағлұматтар сақталғанша). Ал, мал-дүние – өткінші. Мұсылмандар әміршісі Әли (р.а.) айтқандай:

Разы болдық үлес берген Жаббарға,

Білім – бізге, ал дүние – жауларға.

Дүние деген таусылады расында,

Ілім-білім сақталады мәңгі алда.

Пайдалы білім кісіге жақсы ат әкеледі. Дүниеден озғанда да аты өшпейді. Өйткені білім – мәңгі өмір.

Шейх ұлық имам Заһираддин имамдар мүфтиі, Марғинани атымен танымал Хасан ибн Әли (Алла тағала оған рақым етсін):

Надандар өлімнен бұрын да,  
Өлік боп өтеді өмірден.  
Ғалымдар шын биік тұғырда,  
Тірі олар кейін де өлімнен, – деген екен.

Шейх Ислам Бурһанаддин:

Надандық өлімсіз-ақ өлік етер,  
Қабірге тәннен бұрын өзі кетер.

Кім өзін тірілтпесе ілімменен,

Ол өлік қайта кейін тірілмеген, – десе, тағы бір

ғалым:

Білімді мәңгі тірі өлсе-дағы,

Сүйегі жер астында шірісе де.

Ал надан – өлік, жерде жүрсе-дағы

Сенбейміз, оны біреу тірі десе, – дейді.

Жүректің өмірі – білімде,

Қадірін біл оның, замандас.

Қалыптың өлімі – надандық,

Тек содан сақтанып, қадам бас, – депті және бір

ғалым.

Сондай-ақ:

Білім жігіт басындағы тәж,

Ал, ақыл алтын алқа.

Білім – сәуле шашқан нұр,

Надандық – шарпыған от, – деген екен.

Шейх ұстаз Ислам шейхы Бурһанаддин (Алла тағала оған рақым етсін):

Білім деген мәртебенің ұлығы,

Одан төмен әскердің де шекпені.

Оның әркез еселенер тұнығы,

Ал надандық өлсе, мәңгі кеткені.  
Біреу патша не әскери болса да,  
Білімге тек қолы, сірә, жетпеді.  
Пайдаларын айтайын мен, құлақ сал.  
Бірақ оған мүмкіндігім бар ма екен?  
Соқырға – нұр, сусын болар бұлақ сол,  
Надандарға – қараңғылық тар мекен.  
Білім – пана, талаптыны қорғайды.  
Ол адамдар аман-есен жүреді.  
Ілімдіге азап ертең болмайды,  
Жаны шықса, үміт барын біледі.  
Күнәһарға лайық болған тозаққа,  
Ілім болса, шапағат та етеді.  
Білім іздеу – бар жақсыны іздеу ғой,  
Оны тапқан арманына жетеді.  
Ей, ақылман, білім биік мансап қой,  
Оған жетсең, басқа мансап іздеме.  
Дүниеге жете алмасаң, өкінбе,  
Білім деген ең қайырлы бізге де, – деген екен.

Басқа ұстаз кісілер мына өлеңді оқып берді:  
Құрмет іздеп жүрсең егер біліммен,  
Фикһ ілімі соған лайық шынымен.  
Қаншама қош жұпар иісті сулар бар,  
Бірақ мисктей болмас деймін мұны мен.  
Қаншама көп самғап ұшар құстар бар,  
Бірақ сұңқар айрықша ғой ұшқанда.

Тағы бір ұстаздар өлең оқып:  
Фикһ қымбат дүние, сен жинаған,  
Кім оқыса, ілімнен құр қалмаған.  
Иелене бер жоқ затты қолыңдағы,

Білім басы бақыт қой, соңы-дағы, – деген екен.

Білім үйрену үшін ақылды адамды өзіне тартатын және ілімге үндейтін білім мен фиқһтың ләззаты керек-ақ.

Кейде кісі бойындағы жалқаулық қақырық пен ылғалдың көптігінен болады. Оны кетірудің жолы – тағамды азайту. Жетпіс пайғамбар (ғ.с.) ұмытшақтықтың ең көп себебі – қақырықтың көптігінен, ал қақырықтың көптігі – суды көп ішуден, көп су ішу болса, көп тамақ жеуден, деп бірауыздан айтқан. Кепкен нан қақырықты жояды. Сондай-ақ, аш қарынға мейіз жеу де қақырықты тыяды. Мейізді су ішуге мұқтаж болатындай көп жемеу қажет. Әйтпесе, артық жеу де қақырықты көбейтеді. Мисуак та қақырықты азайтып, есте сақтау қабілеті мен шешендікті күшейтеді. Мисуак қолдану – сүннет. Ол намаз бен Құран тиләуатының сауабын арттырады. Сонымен бірге, құсу (түкіріп тастау) қақырық пен бойдағы ылғалдықты азайтады. Ал, енді тағамды аз жеу үшін, оның пайдалы жақтарын ойлау қажет. Оның пайдасы – деннің саулығы, тазалық және басқа адамдарға жәрдем ету.

Ұят тірлік, ұят іс, ұят болар,

Адамның тағам үшін күйінуі.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Үш түрлі адамға, олар күнә іс жасамаса да, Алла тағала ғазап етеді: көп жеуші, сараң және тәкаппар», – деген. Аз тамақтанудың пайдаларын мынадан да көруге болады: көп жеуден адам бойында аурулар мен жалқаулық дендеп кетеді. «Тоқ қарындық, зеректілік пен сергектікті азайтады» деген сөз бар.

Гелиниус (данышпан): «Анар жемісі түгел пайдалы, ал балық толығымен зиянды. Бірақ балықтың азы, анардың көбінен пайдалы», – деген екен.

Көп тамақтану ысырапшылық болып келеді. Ал, тойып тұрып тамақтану нағыз зиянның өзі. Мұндай әрекет ақыретте жазаға лайық болады.

Көп тамақ жеушіні адамдар жек көреді.

Тамақты аз жеудің жолы – майлы тағамды пайдалану және дәмді әрі тәтті тамақты алдымен жеу. Сондай-ақ, дастархан басында аш адамдармен бірге отырып жемеу керек. Тек оразаға, намазға және ауыр жұмысқа әлдену мақсатында көбірек тамақ жеуге болады.

### **Дәрісті бастау, оның мөлшері мен тәртібі туралы бөлім**

Ұстазымыз шейх Бурһанаддин (р.а.) дәрісті бастауды сәрсенбі күнге қалдыратын. Бұл жөнінде бір хадисті риуаят етіп, дәлел қылушы еді. Алла елшісі (с.ғ.с.): «*Сәрсенбі күні басталған іс, әлбетте, соңына жетеді*», – деп айтқан.

Әбу Ханифа (р.а.) да осылай жасайтын. Имам Ағзам бұл хадисті (санадпен) өзінің ұстазы шейх ұлық имам Қаууамаддин Ахмад ибн Абдурашидтен (р.а.) риуаят етіп: Сенімді кісіден естігенім бойынша, Әбу Юсуф әл-Һамадани (р.а.) әрбір жақсы істі сәрсенбі күні бастайтын. Өйткені сәрсенбі күні нұр жаратылған. Бұл кәпірлер үшін сәтсіз, мұсылмандар үшін берекелі күн болып табылады. (Әсілінде, барлық күндер Алла тағала құзырында тең. Және кейбір күндер мен уақыттарды сәтті не сәтсіз деуге дінде ешбір дерек жоқ).

Енді дәрісті бастағандағы сабақтың мөлшеріне келсек:

Әбу Ханифа (р.а.) шейх қазы имам Омар ибн имам Әбу Бәкір әз-Заранжари (әз-Зарнужиден) (р.а.) баяндайды: «Біздің машайыхтарымыз (р.а.) айтатын: «Бастаушы шәкірт үшін дәріс мөлшері оңайлықпен екі рет қайталағанда жаттап алатындай шамада болуы керек. Сосын әр күні бір сөзден қосып отырады. Сонда тіпті дәріс ұзақ болып не көбейіп кетсе де, екі қайталағанда меңгеріп алады. Дәрісті жұмсақтықпен жүргізе отырып, дәрежелеп көбейте береді. Ал, дәріс әуел баста ұзақ болса, шәкірт оны он рет қайталауға мәжбүр болады. Сондай-ақ, кейін дәріс бітуге таяғанда да осынша рет қайталауға дағдыланады. Шәкірт бұл әдетін тек көп әрекет етумен ғана тоқтата алады.

Сондықтан: «дәріс бір әріп, ал қайталау мың рет», – деп айтылған (Бұл сөздің мағынасы – аз дәріс алып, оны көп қайталау; Осыған ұқсас ғалымдардың: «Бір кітапты екі рет оқу, екі кітапты бір рет оқудан пайдалы», – деген сөздері бар)».

Білім алушы дәрісті өзінің түсінуіне оңайынан (білім түрінен) бастағаны жөн. Шейх имам ұстаз Шарафадин әл-Бақили (р.а.): «Бұл мәселеде мен үшін ең дұрысы – менің машайыхтарымның (ұстаздарымның) әдеті. Олар бастаушы шәкіртке кең мағынада айтылған шағын мәтіндерді таңдаушы еді (яғни қалың кітаптардың қорытынды мазмұнын қамтитын кіші көлемдегі кітаптар). Мұндай кітаптар түсінуге де, жаттап алуға да оңай. Жалықтырмағандықтан, әрі адамдар оны көп пайдаланады.

Дәрісті жаттап не көп рет қайталаған соң, оны жазып қою керек. Бұл өте пайдалы. Шәкірт түсінбеген дәрісін жазбағаны дұрыс. Бұл шәкірт табиғатына жалқаулықты

дарытады. Сондай-ақ, зеректілігі жоғалып, уақытын да босқа зая етеді.

Шәкірт ұстазының дәрісін түсіну үшін ойлану, пікірлесу және көп қайталап, бар ынтасын салуы қажет. Дәріс аз болып, оны көп қайталайтын болса, сабақ түсінікті келеді.

Сондықтан екі әріпті жаттау, екі қаптай (мағлұматты) естігеннен жақсырақ, екі әріпті түсіну, екі қаптай (мағлұматты) жаттаудан жақсырақ, деп айтылған.

Шәкірт дәрісті түйсінуде немқұрайлық танытып, басында ынта білдірмесе, соған әдеттеніп қалады да, кейін жеңіл дәрісті де түсінбейтін болады. Сондықтан сабаққа селқос қарамай, керісінше ынталанып, Алла тағалаға дұға жасап, мінәжат етуі қажет. Расында Алла тағала дұға жасаған пендеге жауап береді және үміттенгенді құр алақан қалдырмайды.

Шейх ұлық имам Қауамаддин Хаммад ибн Ибраһим ибн Исмаил әс-Саффар (әл-Ансари) (р.а.) қазі Халил ибн Ахмад әс-Сархасиге (бір деректе Сарахси) былай деген екен:

Ілімге қызмет қыл, әкелер берекет.

Ұдайы дәрісті жалғасын әрекет.

Бір нәрсе жаттасаң, және оны қайтала,

Соңынан пысықта бірнеше қайтара.

Жазып ал білгенді, қайталай қарауға,

Үнемі дәрісті алуға жарарға.

Білімді жоғалтып алмастай бекініп,

Одан соң кірісіп кете бер жаңаға.

Өткенді қайталап жүр-дағы, жаңа бір

Білімді игеріп жүресің тағы да.

Басқа да жандарға ілімді үйрет сен,

Ақылман жандармен достық құр арада.

Білімді жасырсаң, ұмыт боп кетесің.

Ақымақ, надан боп көрініп өтесің.

Қиямет күнінде от-жүген тағылар,

Денең де азапты алауда жағылар.

Білім іздеуші дәрісті қайталағанда, пікірталастарда және ой айтқанда ынсапты, байсалды және ойлы болуы керек.

Сонымен бірге, бүлік шығарудан және ашуға бой алдырудан аулақ болуы тиіс. Өйткені дәрісті қайталау мен пікірталас жүргізу – кеңесу болып табылады. Ал кеңесу дұрыс шешімді табу үшін қажет. Бұл тек ойланумен, байсалды байыптылықпен және ынсаппен жүзеге асады. Ал, ашу мен араздыққа жол жоқ. Шәкірттің ниеті қарсыласын жеңу немесе ашуын шығару болса, мұндай пікірталас дұрыс емес. Тек дұрыс жауап табу үшін ғана пікірталас жасауға болады. Пікірталас барысында көз бояушылық пен айла-тәсіл қолдануға болмайды. Ол тек, егер пікір таластырып отырған адам дұрыс жауап алу үшін емес, қырсығып отырған болса ғана рұқсат етіледі.

Мұхаммед ибн Яхия (р.а.) алдынан ауыр мәселе шығып, оның жауабын таппаса: «Сен не нәрсені сұраған болсаң, ол міндет болды, мен де оны қарап шығамын, әрбір білімдіден асқан білім иесі бар», – дейді екен.

Шәкірттердің бір-біріне сауал қойып, пікір таластыруы тек сабақ қайталағаннан әлдеқайда пайдалы. Өйткені мұнда әрі қайталау әрі қосымша мәлімет алу бар. Сондықтан: бір сағат пікірталасу бір ай қайталағаннан абзал, – деп айтылған.

Бірақ пікірталас ынсапты да мінезі жақсы әріптеспен арада ғана болғаны абзал.



Шәкірт! Қырсық әрі мінезі жаман серікпен пікір таластырудан сақ бол. Өйткені адам болмысы өзгермелі, ал мінезі жұқпалы келеді. Көршіліктің әсері тиеді.

Халил ибн Ахмедтің (р.а.) мына екі жол өлеңінде үлкен мағына жатқаны сөзсіз:

Білімнің шарты бар: кім қызмет етсе оған,

Ей, барша адамзат, сен қызмет ет соған!

Білім іздеуші әркез ілімдегі нәзік мәселелер төңірегінде ойланып жүруі қажет. Және соған дағдылануы тиіс. Өйткені нәзік мәселелердің шешімі ойланумен табылады. Сондықтан: «Ойлан, табылады», – деп айтылған. Сонымен бірге, сөйлер алдында да ойлану керек. Сонда айтқан сөз дұрыс болады. Өйткені сөз жебе секілді, нысағана дөп тию үшін атпас бұрын тура бағыттау қажет.

Фикһ негізінде: «Пікірталасқа түсуші фақиһтың ойланып барып сөйлеуі – үлкен негіз», – деп айтылған.

Сондай-ақ: Ақылдың басы – сөздің нақты және ойланып айтылуы», – делінген. Данышпан:

Сөз саптауда бес нәрсені кеңес қылам саған мен,

Құлақ ассаң саған кеңес берушіге жаныңмен.

Сөйлер сөздің себебі мен уақытынан құр қалма,

Қалай және қанша сөйлеу керектігін орнын да, – дейді.

Мағынасы: «қалай» дегеніміз: сөйлеу тәсілі, яғни дауысты бәсеңдету немесе көтеріңкі ұстауға қатысты. Сондай-ақ, баяу және жұмсақ немесе қатаң және өктем сөйлеу. «Қанша» дегеніміз: жағдайға қарап қысқа немесе егжей-тегжейлі сөйлеу мөлшері.

Білім алушы кез келген жағдайда және әркез барлық адамнан пайда ала білуі қажет. Алла елшісі (с.ғ.с.): «Даналық (хикмет) мүміннің жоғалтқан дүниесі,

қайдан тапса, оны алады», – деп айтқан. Сондай-ақ: «Тұнығын ал да, лайын таста», – деген нақыл сөз бар.

Менің шейх имам ұстаз Фахр әд-Дин (әл-Кашаниден) (р.а.) естігенім: «Әбу Юсуфтың (р.а.) күні Мұхаммедтің (р.а.) қолында аманатта еді. Мұхаммед (р.а.) күннен: «Әбу Юсуфтен фикһ бойынша (қолында тұрғаныңда) бір нәрсе үйрендің бе?», – деп сұрады. Күн: «Жоқ, тек ол кісі үнемі саһмуд даури сақит (екі адам арасында айналып тұрған үлес түсіп кетуші. Бұл фикһта белгілі мирас мәселесіне қатысты)», – деуші еді», – дейді. Осы сөзді Мұхаммед (р.а.) жаттап алады. Бұл кезде Имам Мұхаммед бір мәселенің шешімін таппай жүрген болатын. Әлгі сөзбен мәселенің шешімін табады. Осылайша ол әрбір адамнан пайда алуға болатындығын біледі.

Сондықтан да болар, Әбу Юсуфтен (р.а.): «Білімге қалай қол жеткіздіңіз?», – деп сұрағанда, ол: «Пайдалануда немқұрайлық танытпадым және біреуге пайдалы болуда сараңдық етпедім», – деген екен. Ибн Аббастан (р.а.): «Қалайша білімге қол жеткіздіңіз?» – деп сұрағанда, сахаба: «Сұраушы тілмен және парасатты жүрекпен», – депті.

Білім іздеушілер бұрынғы заманда «Бұл мәселе жайлы не айтасың?» деген сөзді көп қолданатындықтан, «не айтасың» деп аталған екен. Әбу Ханифа (р.а.) мата сатушы болып жүрген кезінде дүкенінде дәрісті көп қайталау және әркімдерден сұрау арқасында фикһты үйренген екен. Сондықтан білім және фикһ үйрену кәсіппен бірге жүреді. Әбу Хафс әл Кабир (р.а.) әрі кәсіп етіп, әрі дәрісін қайталаушы еді.

Білім іздеуші, тіпті отбасын асырау үшін еңбек етіп те дәрісін оқып жүрсін, сабағын қайталап, жалқаулық

етпесін. Денсаулығы бар әрі ақыл-есі түзу адамның білім алуы, фикһ үйренуді тәрк етуінде ешбір үзір жоқ. Өйткені ол Әбу Юсуфтен (р.а.) өткен кедей болмас. Ол кісіге кедейлік фикһ үйренуіне тосқауыл бола алмады. Ал, кімнің мол дүниесі болса, білім жолында жұмсаған ізгі дүниеге не жетсін?!

Бірғалымнан: «Білімге қалай қолжеткіздіңіз?», – деп сұрағанда, ол: «Әкемнің байлығының арқасында. Әкем дүниесімен білім мен фазилет иелеріне қайырымдылық көрсететін», – депті. Жомарттық – білімнің көбеюіне себеп. Өйткені бұл ақыл мен білім нығметіне жасалған шүкіршілік. Ал, шүкіршілік көбеюге себеп болады.

Әбу Ханифа (р.а.): «Расында мен білімге Алла тағалаға хамд (мақтау) айту және шүкіршілік жасаумен жеттім. Білімнен бір нәрсе түсіне қалсам және бір фикһ мәселесін немесе даналықты тапсам: «әлхамду лилләһ», – деуші едім, сонда білімім артатын», – деген.

Білім іздеуші тілімен, жүрегімен, дене мүшелерімен және мал-дүниесімен шүкіршілік етуі қажет. Және де түйсінуі, білім мен сәттілік Алла тағаладан деп білуі, Алла тағаладан һидаят сұрап дұға жасап, мінәжат етуі керек. Расында Алла тағала өзінен тура жол сұрағанды һидаятқа бастайды. Хақ жолындағылар, олар әһли сүннат уал жамағат Хақ, Мубин, Һади, Тасым Алла тағаладан ақиқатты сұраған. Сондықтан Алла тағала оларды тура жолға салып, адасушылықтан сақтаған.

Ал, адасушылар өздерінің ойлары мен ақылдарына (сүйеніп) таңырқап, ақиқатты әлсіз жаратылыс болған ақылдан іздеген. Себебі ақыл барлық нәрсені біле алмайды. Бұл көздің барлық нәрсені көре алмайтындығы секілді. Сондықтан олар әлсіз, өздері адасып және өзгені де адастырды.

Алла елшісі (с.ғ.с.): «Ғапыл – білмей амал еткен адам, ақылды – ақылымен амал еткен адам», – деген.

Пайғамбар (с.ғ.с.): «*Кімде-кім (ақиқатты танып білуде) өзінің қауқарсыздығын таныса, Раббысын таниды. Өзінің әлсіздігін таныса, Алла тағаланың құдіретін таниды*», – деген.

Адам өзіне және ақылына сүйенбей, Алла тағалаға тәуекел етіп, Одан тура жолды сұрайды. Құранда Талақ сүресінің 3-аятында: «Ал, кімде-кім Алла тағалаға тәуекел етсе, Алла тағала оған көмекке келеді және оны тура жолға бастайды» – делінген.

Кімнің мал-дүниесі болса, сараңдық етпесін. Сондай-ақ, сараңдық атаулыдан Алла тағалаға сыйынуы керек. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «*Сараңдықтан ауыр дерт бар ма?!*» – деген.

Әбу шейх ұлық имам Шамсиаддин әл-Халауани (р.а.) кедей кісі болатын. Ол тәтті тағамдар сататын және тәттісінен фақиһтарға беріп: «Балама дұға етіңіздер», – деуші еді. Оның жомарттығының берекеті, сенімі және мінәжатымен баласы да сол мәртебеге жеткен.

Білім іздеуші мал-дүниесіне кітаптар сатып алысын. Және кітап жаздырсын, бұл білім алуға және фикіһ үйренуге көмек болады.

Мұхаммад ибн Хасанның (р.а.) мал-дүниесі көп болатын. Тіпті, мал-дүниесіне қараушы үш жүз сенімді өкілі болған. Ол барлық дүниесін білім мен фикіһқа жұмсаған. Тіпті, өзіне бірде-бір бағалы киім қалдырмайды. Оны ескі киімде көрген Әбу Юсуф (р.а.) қымбат бір киім жібереді. Мұхаммед (р.а.) киімді қабыл алмай: «Сендерге ертерек берілді, бізге кейінірек беріледі», – деген екен.

Оның сыйлықты қабылдамауының бірден-бір себебі, һадияны қабылдау сүннет болса-дағы, бұл әрекет оны қор етіп көрсетеді деп білуінде болар.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): *«Мүмін өзін қор еткізін қоймауы керек»*, – деген.

Шейх Фахраддин әл-Арсабинди (р.а.) тасталған қауынның қабықтарын жинап, оларды жуып жейді. Мұны бір күн көріп, иесіне айтады. Ол кісі дастархан жайып ғалымды қонаққа шақырады. Ғалым қабыл етпейді.

Білім іздеуші де үлкен мақсатты болуы және ешкімнің мал-дүниесінен дәмесі болмауы тиіс. Алла елшісі (с.ғ.с.): *«Дәметуден сақ бол, ол келіп тұрған кедейлік»*, – деген. Яғни, адам келешектегі кедейліктен қауіптеніп дәмете бастайды. Ал, шындығында дәметудің өзі кедейлік.

Біліміздеуші өзіндегі мал-дүниеге сарандық етпесін. Оны өзіне және басқаға жұмсасын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): *«Адамдар кедейліктен қорқумен кедейлікте»* (бұл дана сөзді хазірет Әли (р.а.) жеткізген), – дейді. Адамдар әуелгі кезде кісілердің дүниесінен дәметпеу үшін бірінші кәсіп үйреніп, сосын білім алатын болған. «Кімде-кім өзгенің дүниесімен шектелсе, кедей болады», – делінеді бір даналық сөзде.

Ғалым аса дәметуші болса, ол үшін білімнің қадірі қалмайды. Сосын ақиқатты айтпайтын болады. Сондықтан шарифат иесі (с.ғ.с.): *«Алла тағалаға қорлыққа жақындататын дәметушіліктен сыйынамын»*, – деуші еді.

Мүмін тек Алла тағаладан үміт етуі және тек Алла тағаладан қорқуы керек. Бұл шарифат шеңберінен аттап өту немесе өтпеудің көрінісі. Кімде-кім пендеден

қорқып, Алла тағалаға күнә жасаса, ол Алла тағаладан басқа біреуден қорыққаны. Ал, пендеден қорықса да, Алла тағалаға күнә жасамаса және шарифат тыйымдарына мән берсе, Алла тағаладан басқа ешкімнен қорықпаса, ол Алла тағаладан қорқушы. Үміт мәселесі де осылай.

Білім алушы өзінің әрбір дәріс қайталауын санап жүруі қажет. Белгілі бір межеге жетпейінше оның жүрегі жай таппайды. Білім іздеуші кешегі сабағын бес рет, алдыңғы күнгі сабағын төрт рет, одан алдыңғы күннің сабағын үш рет, одан алдыңғы сабақты екі рет, ал одан алдыңғы сабақты бір рет қайталауы қажет. Бұл тәсіл есте сақтауға оңай. Сонымен бірге, шәкірт бойында дәрісті қайталаудан жүрексіну сезімі болмауы керек. Өйткені сабақ оқу және оны қайталау зор күш-жігермен жүзеге асырылады. Дәріс қайталауды қиындатардай, өзін шаршатып дауыстап оқымауы керек. Істердің ең жақсысы орташасы.

Әбу Юсуф (р.а.) фақиһтармен бірге фикһ сабағын қайталап жүреді. Оның күйеу баласы үйінде еді. Әбу Юсуфтың (р.а.) әрекеттеріне таң қалған ол: «Оның бес күннен бері аш екенін білемін. Соған қарамастан күш-қайратпен және үлкен жігермен пікір таластырып отыр», – деген екен.

Білім іздеушіде үзіліс болмауы керек (сондықтан оқушыларға жазғы демалыста дәрістерін қайталау міндет). Білім жолындағы үзіліс – үлкен апат. Біздің ұстазымыз Ислам шейхы Бурһанаддин (р.а.): «Менің дәрістес серіктерімнен биік болуым, білім алу кезінде демалысқа шықпауымда», – деген екен. Ислам шейхы әл-Асбижани білім алып жүрген кезде патшаның құлауы себепті он екі жылдай оқуын тоқтатуға мәжбүр

болады. Кейін білімдегі ізденістерін жалғастыру үшін өз серігімен іліми жарысқа түседі. Екеуі он екі жыл дәріс алады. Серігі шафиғи мәзһабының Ислам шейхына айналады. Ол әу баста шафиғи мәзһабының адамы еді.

Ұстазымыз шейх қази имам Фахрул-Ислам Қазихан: «Фикһ үйренушіге фикһ кітаптарының бір нұсқасын жаттап алуы және үнемі қайталап жүруі қажет. Сонда бұдан кейін естіген фикһи мәліметтерді жаттап алуы жеңіл тиеді», – деп айтып отыратын.

### Тәуекел туралы бөлім

Шәкірт білім жолында тәуекелге бел бууы қажет. Ризық мәселесі оның уайымы болмауы тиіс. Ондай нәрсе ойын мазаламағаны жөн.

Әбу Жағфар риуаят етеді: Әбу Ханифа (р.а.) Алла елшісінің (с.ғ.с.) сахабасы Абдулла ибн Хасан әз-Зубайдиден (р.а.) риуаят етеді: «*Кімде-кім Алла дінінде білім үйренсе (фиқһ үйренсе), Алла тағала уайымын сейілтпін, ойламаған жерден ризығын береді*». Өйткені кімнің ойын ішіп-жейтін тамағы мен киетін киім-кешегі мазалайтын болса, көркем мінез бен биік мақсаттарды бағындыруға уақыты қалмайды.

Сондай көркем мінездерді аңсама,

Сапар шекпе, жата бергін үйінде.

Өйткені сен мұқтажсың ғой қаншама,

Ішер тамақ, және киер киімге, – делінеді бір өлеңде.

(Бұл өлеңде ақын тілдесіп тұрған адамын мазақ етіп, мұқатып, «сенің көркем мінез бен жақсы қасиет иеленуге шамаң жетпейді. Өйткені ойың тамақ табу мен киім-кешек қамымен шектелген» деп тұр. Кітап авторы осы өлең жолдарын келтіре отырып, кімнің ойын

ішіп-жейтін тамағы мен киетін киім-кешегі мазалайтын болса, көркем мінез бен биік мақсаттарды бағындыруға уақыты қалмайды, деген ойын жеткізуде).

Бір кісі Мансур әл-Халлажға: «Маған насихат айтыңызшы?», – дейді. Ол: «Нәпсіңмен айналыс. Егер нәпсіңді шаруа басты етпесең, ол сені шаруа басты етеді», – деп жауап берген екен.

Әрбір адам нәпсінің айдауында жүрмеуі үшін нәпсісін жақсы істермен айналысуға итермелеуі қажет. Ақылды адам дүние ісіне қатысты мазасыздана бермеуі тиіс. Өйткені уайым мен қайғы келген қиыншылықты қайтармайды және пайда да бермейді. Керісінше жүрек, ақыл және денсаулыққа зияны бар және ізгі амалдарға кедергісі тиеді. Кісі ақырет ісі жайлы ойланғаны жөн, бұл пайдалы.

Ал, Алла елшісінің (с.ғ.с.): «Расында күнәлардың ішінде тек бала-шағаны асырау қамы (уайымы) ғана өтеу болатын күнә бар», – деген сөзіне келсек, ондағы мақсат уайымның мөлшері ізгі амалдарға кедергі болмайтындай және ойды мазалап намазда жан тыныштығын бұзбайтындай шама. Осынша мөлшерде уайымдау ақырет амалына жатады. Шәкірт дүниелік қарым-қатынасты шама-шарқынша азайтқаны дұрыс. Сондықтан бұрынғы ғалымдар оқшаулануды таңдаған. Сондай-ақ, тәлім алу жолында қиындық пен ауыртпалыққа төзе білуі тиіс. Мұса (ғ.с.) білім жолында:

لَقَدْ لَقِينَا مِنْ سَفَرِنَا هَذَا نَصَبًا

«...Әрине, осы сапарымызда шаршадық...» («Каһф» сүресі, 62-аят), – деп білім сапары қиындықсыз болмайтындығын білдірген. Ол басқа сапарларында



бұлай деп айтпаған. Өйткені білім алу – үлкен шаруа. Білім көпшілік ғалымдар көзқарасында жиһадтан да абзал. Ал, сауабы қиыншылық пен ауыртпалық шамасынша. Кімде-кім осыған сабыр етсе, басқа дүниелік ләззаттардан да артық рақатты сезінеді. Сондықтан да Мұхаммед ибн Хасан түндерді ұйқысыз өткізіп, білімдегі түйінді мәселелер шешілгенде: «Бұл ләззаттан патша балалары қайда қалды?» – деуші еді.

Шәкірт білімнен басқа шаруамен айналыспауы керек. Және фикһтан теріс айналмауы қажет. Мұхаммед ибн Хасан (р.а.): Кімде-кім біздің ілімді бір кезде тәрк етпек ойы болса, сол сәттен тәрк етсін, «Біздің бұл өнеріміз (іліміміз) тал бесіктен жер бесікке дейін», – деген екен. Мұның мағынасы: фикһ үйреніп жүрген шәкірт бір кезде бұл ісімді доғарамын деген ойда болса, білім алудағы жігері әлсіз, ойы тұрақсыз болғандықтан, сол сәттен білімді тоқтатқаны жөн. Өйткені мұндай адамнан пайда жоқ және уақытын зая жібереді.

Ол (Мұхаммед ибн Хасан және Ибраһим ибн Жаррах) Әбу Юсуфке (р.а.) өлім төсегінде жаны қиналып жатқанда жағдайын сұрап келеді. Сонда Әбу Юсуф (р.а.) одан: «(Қажылықта) шайтанға тас атуды көлік үстінде жасаған абзал ма, жаяу тұрып па?», – деп сауал қояды. Келген фақиһ жауап бере алмайды. Сонда ғұлама өзі жауап берген екен.

Фақиһ адам осылайша үнемі шарифатпен шұғылданып жүруі қажет. Сол кезде білімнің үлкен ләззатын сезінеді. Имам Мұхаммед жайлы ел арасында мынадай бір әңгіме бар. Қайтыс болғаннан кейін имамды бір кісі түсінде көреді. Әлгі адам имамнан: «Жан тәсілім етер шақта қандай күйде болдыңыз?»

– деп сұрайды. Сонда имам: «**Мукатаб**<sup>5</sup> мәселесіне қатысты бір сауал төңірегінде ойланып жатқанмын. Содан жанымның шыққанын сезбей қалдым», – депті. Жаңағы түс көрген адам Мұхаммед ибн Хасанның (р.а.) өмірінің соңғы күндері «мукатиб мәселесі маған бұл күнге дайындалуға мұрша бермеді» дегенін айтады. Бұл сөзді ғұлама кішіпейілдік танытып айтқан.

### Білім алу

Адам баласы тал бесіктен жер бесікке дейін білім алуы керек. *Хасан ибн Зияд (р.а.) сексен жасында фикһ ілімін үйренуге кіріскен екен.* Білім алуға ең абзал уақыт жастық шақ, сәресі уақыты және ақшам мен құптан арасы.

Білім іздеуші өзінің барлық уақытын ілім жолына жұмсауы қажет. Егер бір пәннен шаршаса, басқасына қарағаны жөн. Ибн Аббас (р.а.) Кәлам ілімінен шаршағанда «ақындардың диуанын (жинағын) алып беріндер» деуші еді.

Мұхаммед ибн Хасан түн баласы шұқшиып әлденелерді оқып отыратын. Егер бір пәннен шаршаса екіншісіне қарайтын. Жанына ыдыспен су қоятын. Ұйқысын сумен ашып отырып, «негізінен ұйқы ыстықтан келеді» деуші еді.

### Жанашырлық пен насихат

Білімді адам жанашыр, насихатшыл болуы керек. Іштарлық ғалым адамға мүлде жат қасиет. Көре алмаушылық ешкімге пайда берген емес. Ұстазымыз Шейх Ислам Бурһанаддин (р.а.): «Негізінен мұғалімнің баласы ғалым болады. Өйткені мұғалім өз шәкірттерінің

---

<sup>5</sup> Мукатаб – өз қожайынымен белгілі мөлшерде құн төлеп, басына азаттық алу үшін шарт жасалынған құл

Құран ғалымы болуын қалайды. Міне, бұл мұғалімнің сенімі мен жанашырлығының берекесі», – дейтін еді. Садрул-Ажал Бурхан өзінің екі ұлы Садру Шаһид Хусамаддин мен Садру Саъид Насыраддиннің (р.а.) сабақ уақытын барлық дәрістерден кейінгі үлкен сәскеге белгілейді екен. «Бұл уақытта шаршап зауқымыз қашып кетеді» деген балаларына: «Маған ғаріптер мен сыйлы кісілердің балалары жердің түкпір-түкпірінен келеді. Сондықтан олардың дәрісін бірінші кезекте беруім керек», – дейтін көрінеді. Ғалымның жанашырлық берекесімен ол кісінің екі ұлы сол ғасырдағы көптеген фақихтардан биік болған деседі.

Білім адамы ешкіммен таласпауы керек және жауласпағаны жөн. Бұл оның уақытын зая етеді. «Жақсылық жасаушы жақсылығының қарымын көреді. Ал жаман адамға өзінің жаман істері жетеді» дейді. Шейх имам тақуа Рукнул Ислам Мұхаммед ибн Әбу Бәкір имам Хауаһир зада атымен танымал мүфти (р.а.) былай дейді: «Шариғат пен тариқат сұлтаны Юсуф әл-Намаданидың (р.а.):

Адам егер жасаса жаман істер,  
Жазалама сол үшін, қара да тұр,  
Өзінің-ақ мінезі, әрекеті  
Дұшпан болып өзіне бара жатыр, – дегені бар еді».

Кімде-кім дұшпанын тізе бүктіргісі келсе, мына өлең жолдарын қайталасын:

Қалап тұрсаң жеңуді дұшпаныңды,  
Уайым-қайғы арқылы өртеп оны,  
Көрсет оған біліммен ұшқаныңды,  
Білім өссе, қайғысы өсер оның.

Сен дұшпаныңмен алыспа, өз нәпсіңді тәрбиелеумен айналыс. Өз нәпсіңнің тәрбиесімен шұғылдануың дұшпаныңмен күрес ретінде жеткілікті. Жаға жыртысудан сақ бол. Бұл сені масқара етеді. Және уақытыңды зая кетіреді. Төзімді бол. Әсіресе ақымақтарға сабырлық таныт. Иса ибн Мәриям (ғ.с.): «Он бәледен құтылу үшін ақымақтың бір жамандығына сабыр етіндер», – деген екен.

Әр заманда сынадым адамдарды,  
Алдаушы мен ұсқынсыз тұрған бәрі.  
Пәлекеттің ауыры, ең жаманы,  
Адамдардың өзара дұшпандығы.  
Талай рет татсам да ащы дәмді,  
Сауалдан да ащысы болмаған-ды, – деген сөз бар.

Мұсылмандар жайлы жаман ойдан сақтан. Өйткені мұндай ой дұшпандықтың бастауы. Бұл пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) *«мұсылмандар жайлы жақсылық ойлаңдар»* деген хадисіне қайшы келеді. Жаман ой пасық ниеттен және ішкі жан-дүниенің ластығынан туады. Әбу Тайб:

Ісі жаман адамның ойы жаман.  
Не келсе ойға, істейді соны надан.  
Сөздерімен досына жаулық етіп,  
Бір түнекке айналар соңыра адам.  
Жиіркенішті істен жырақ бол, артық етпе  
Жақсылықты жасасаң, оны еселе.  
Дұшпаныңның айласы тек өзіне,  
Айла етсе ол, жасайсың сен несіне?! – деген еді.

Шейх Ғамид Әбу Фатх әл-Бусти (р.а.):

Ақыл иесі наданның құтылмайды лаңынан,  
Зұлымдығы, зияны ілеседі соңынан.  
Қастасқанша онымен, ымыраны таңдағын,

Айқай салса ол егер, жөн ғой тыныш тұрғаның, – дейді.

### Пайдалану тарауы

Шәкірт көп ілім үйрену үшін әр уақытын пайдалы өткізуі қажет. Ал пайдалану жолы дегеніміз – өзімен бірге үнемі қалам алып жүру. Осылайша әрбір естіген пайдалы нәрселерді жазып алып жүру. «Жаттаған ұмытылады, жазылған сақталады» деп бекер айтылмаса керек. «Білім ғалымдар аузынан алынады. Олар естігендерінің ең жақсысын жаттап алады және жаттап алған дүниелерінің ең жақсысын айтады» дейді.

Таңдаулы әдебиетші атымен танымал шейх имам, әдебиетші ұстаз Рукнаддин Һилал ибн Ясардың былай дегенін айтады: *«Алла елшісі (с.ғ.с.) сахабаларына білім мен даналық жайлы бірер сөз айтып тұр екен. Мен жақындап барып: «Пайғамбарым, айтқаныңызды тағы да қайталаңызшы», – дедім. Ол кісі (с.ғ.с.) «Қолыңда сиясауытың бар ма?» деп сұрады. Мен «Жоқ» дедім. Сонда пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Һилал, сиясауытты тастама. Қиямет күніне дейін жақсылық сиясауытта және оның иесінде», – деген еді».*

Садр Шаһид Хусамаддин баласына күн сайын білім мен даналықтан аз ғана дүние жаттауды насихат еткен. Бұл бір жағынан оңай, және де бұл аз дүние жуық уақытта көпке айналады.

Өмір қысқа, ал білім көп. Сондықтан уақытты зая кетірмеу керек. Түн мен бос уақыттың қадірін білу қажет.

Яхия ибн Муъаз Рази: «Түн ұзақ, оны ұйықтап қысқартпа. Күндіз жарық, оны күнә істеп түнжыратпа», – деген екен.

Шейхтарды ғанибет тұтып, олардан барынша пайдалану керек. Өйткені жоғалған дүниенің барлығын қайтару мүмкін емес. Ұстазымыз шейх Ислам (р.а.): «Қаншама үлкен шейхты көріп, олардан жақсылық үйрене алмадым», – деп өкініп отырушы еді. Мен де жоғалтқан осындай дүниелерім жайлы өлеңдетіп:

Қандай өкініш, жолығып жоғалтқаным,  
Әрбір кеткен дүние кері қайтарылмас, – дер едім.

Хазірет Әли (р.а.): «Егер бір іспен шұғылданып жатсаң, сол ісіңмен бол», – деген екен. Алла тағаланың ілімінен теріс айнарудың өзі бақытсыздық және қорлық. Одан сақтану үшін күні-түні Алла тағалаға сыйын.

Шәкірт ілім жолында ауыртпалық пен қиындыққа төзе білуі керек. Білімнен басқа нәрсе үшін жалыну жаман мінез. Шәкірт ұстазына, білім жолындағы серіктеріне және басқа кісілерге білімін пайдалану үшін жағымпазданса ештеңе етпейді. Сондықтан болар бұрынғылар «білім қадірлі, онда ешбір қорлық жоқ. Бірақ қорлық көрмей білімге қол жетпейді», – дейтін еді. Мына бір өлең жолында да:

Қадірлі болуға құмартқан,  
Көремін әзиз жаныңды.

Сен оған жетпейсің бірақ та,  
Нәпсіңді қор етпей кәдімгі, – деп айтылған.

### **Білім алу кезіндегі тақуалық бөлімі**

Осы тақырыпқа қатысты Алла елшісінен (с.ғ.с.) мынадай хадис риуаят етіледі: *«Кімде-кім тәлім алу кезінде тақуалық етпесе, Алла тағала оған мына үш қиыншылықтың бірін жібереді: оны жастық шағында өлтіреді, не болмаса ауылдарға жібереді немесе*

сұлтандар қызметімен қинайды»<sup>6</sup>. Шәкірт тақуа болса, білімі жемісті, жолы жеңіл және пайдалары орасан көп болмақ.

Толық тақуалыққа тойып тамақтанудан, көп ұйықтаудан және пайдасы жоқ көп сөзден сақтану арқылы жетеді. Сондай-ақ шама келгенше базар тамағын жемеген жөн. Базар тамағы ластық пен қиянатқа жақындау, Алла тағала зікірінен тым алыс және ғапылдыққа тым жақын. Себебі оған кедей-кепшіктің көзі түседі, бірақ сатып алуға шамалары келмейді. Бұдан олар қорланады да, тағамның берекесі кетеді.

Шейх ұлы имам Мұхаммед ибн Фадл (р.а.) тәлім алып жүрген кезінде базар тамағын жемеуші еді. Оның әкесі ауылда тұратын, баласына тамағын жұма күні әзірлеп әкеліп беретін. Бір күні баласының үйінде базар нанын көріп қалып ашуланады да, баласымен сөйлеспей қояды. Баласы кешірім сұрап: «Бұл нанды мен сатып алғаным жоқ және оған келісім де бермедім, мұны жолдасым алып келді», – дейді. Сонда әкесі: «Егер мұндай нәрселерге ықтиятты әрі сақ болғаныңда, жолдасыңның ондай әрекетке батылы бармас еді», – деген екен.

Бұрынғы ғұламалар осылай тақуалық танытатын. Сондықтан да оларға білім алуда және оны таратуда Алла тағала тауфиқ берді. Олардың есімдері қиямет күніне дейін ұмытылмайды.

Тақуа фикһшылардың бірі білім іздеуші шәкіртке «ғайбаттан және мылжыңмен бірге отырудан сақтан» деп насихат айтқан екен. Көп сөйлейтін адам сенің өміріңді ұрлайды, уақытыңды да зая еткізеді.

Сонымен қатар білім іздеуші бұзық, күнәһар әрі жұмыссыз адамдардан аулақ жүріп, ізгілермен жол-

<sup>6</sup> Маудуъ хадис

дас болуы қажет. Өйткені жолдастық кісінің кісілік қалыптасуына міндетті түрде әсер етеді. Шәкірттің құбылаға қарап отыруы, пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннетін бекем ұстануы өте маңызды. Және де жақсы адамдардың дұға-тілегін қадір тұтып, жәбірленушілердің қарғысынан сақ болуы керек.

Баяғыда екі кісі білім іздеп жолға шығады. Бірнеше жылдан кейін қайтар уақыттары жетіп екеуі елге оралады. Бірі мол білім игеріп келеді де, екіншісі түк те үйрене алмайды. Қала фақиһтері бұл екеуінің жайын таразылап, оқу барысындағы жағдайларын, дәріс қайталауларын, отырыстарын сұрастырады. Сонда білім алып келгеннің дәріс қайталаған кезде құбылаға және білім алған қаласына қарап отырғанын біледі. Ал екіншісі жүзін құбыла мен қаладан кері бұрып отырады екен. Сонда ғалымдар мен фикһшылар «білімді болып келген кісі құбылаға бет бұрып отырғанының берекетімен осы дәрежеге жеткен. Өйткені құбылаға қарап отыру, тек зәрулік жағдай болмаса, сүннет амал. Сонымен қатар мұсылмандар дұғасының берекесімен білімді атанды. Себебі қала ғибадатшыл әрі жақсы адамдарсыз болмайды» дейді. *Ал шынтауайтында оған ғибадатшыл кісілердің бірі түнде бата жасаған еді.*

Білім алушы әдеп пен сүннетке немқұрайлы қарамауы керек. Өйткені кімде-кім әдепке жеңіл қараса, сүннеттен мақұрым қалады. Ал кімде-кім сүннетке немқұрайлы қараса, парыздан мақұрым қалады. Парызға немқұрайлы қараған адамның ақыреттен мақұрым қалатыны белгілі. Бұл сөзді кейбір ғұламалар пайғамбар (с.ғ.с.) хадисі деп те айтқан екен.



Намазды көп оқу қажет. Сонымен бірге Алла тағаладан нағыз қорқушы кісінің намазын оқу керек. Бұл білім алуға және оқуға жәрдем етеді.

Бірнеше рет қажылыққа барған, ел ішінде тақуалығымен танылған шейх Нажмаддин Омар ибн Мұхаммед ән-Насафи:

Бұйрықтар мен тыйымдарға бол берік,

Намазда да жалқаулыққа берме ерік.

Ынталы бол, үлкен ғалым боларсың,

Шариғаттан алсаң ілім меңгеріп.

Құдайыңнан сақтауды да жадыңды,

Құмарланып сұра салып жаныңды.

Жақсылығы оның, сірә, ерекше,

Алла деген сақтаушы ғой нанымды, – деген.

Сондай-ақ:

Тырысыңдар, жалқаулық бір етпендер,

Раббысына қайтады ғой көк пен жер.

Ұйықтамаңдар, өйткені бар жақсы адам,

Түнгі өмірін ұйықтамастан өткендер, – деген екен.

Сонымен қатар шәкірт үнемі қолына дәптерін (оқулығын) алып жүруі керек. Кімнің қойынында дәптері болмаса, жүрегіне даналық орнықпайды дейді. Жүрген жерде ғалымдардың аузынан естігенін түртіп алып отыру қажет.

### **Жаттау қабілетін күшейтетін нәрселер**

Жаттау қабілетін күшейтетін ең басты нәрселер: ыждаһат, ұдайылық, тамақты аз жеу, түнгі намаз және Құран оқу. «Құранды қарап отырып оқудан артық жаттау қабілетін күшейтетін нәрсе жоқ» дейді.

«Үмбетімнің ең абзал амалдарының бірі Құранды қарап оқу» деген хадис Құранды қарап оқудың қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Шаддад ибн

Хақим түсінде дүние салған бауырларының бірін көреді де: «Не нәрсені пайдалы деп таптың?» – деп сұрайды. Сонда марқұм «Құранды қарап оқу» деп жауап берген екен.

Білім алушы кітапты қолына алғанда: «Дүниеде жазылған және жазылатын әріптер санындай «бисмиллаһ субхана Аллаһи уәл хамду лилләһи уәлә илләһа иллә Аллаһу уә Аллаһу акбар, уәлә хаулә уәлә кулләтә иллә билләһил Ыалиил Ыазымил Ыазизил Ыалим» деп айтуы қажет.

Және әрбір парыз намаздан кейін: «Әманту билләһил Уахидил Ахадил Хаққил Мубини, уахдаһу лә шарикә ләһу, уә кафарту бимә сиуәһу» деген жөн.

Сондай-ақ, Пайғамбарымызға көп салауаттар айтса тіпті орынды болмақ. Пайғамбарымыз барша дүниеге рақым ретінде жіберілген.

Мен Уақиғге жадымның нашарлығын,  
Шағым еттім, нұсқады ол күнәларды.  
Жаттау деген Құдайдың кеңшілігі,  
Күнәһарға берілмес, сірә, мәңгі, – деп айтылған екен.

Мисуак қолдану, бал (әсел) ішу және күнжітті қантпен жеу адамның жаттау қабілетін арттырады. Күн сайын аш қарынға жиырма бір түйір қызыл мейіз жеу де жаттау қабілетін күшейтіп, көптеген ауруларға ем болады. Және қақырық пен бойдағы ылғалды азайтатын нәрселерді пайдалану еске сақтауды күшейтеді. Ал қақырық шығаратын барлық нәрсе ұмытшақтыққа әкеп соғады.

Күнәлі істер де жаттау қабілетін әлсіретіп, ұмытшақтықты тудырады. Дүние үшін уайым-қайғыға салыну, үздіксіз жұмысбастылық пен сыртқы дүниемен

көп қарым-қатынас жасау ұмытшақтықты тудырады. Дүниенің уайымы жүрекке қараңғылық әкеледі. Ал ақыреттің уайымы жүрекке нұр береді. Оның әсері намазда білінеді. Дүние уайымы адамды жақсылықтан тосады, ал ақырет уайымы жақсылыққа жетелейді. Намазды ынтамен оқу және білім алумен шұғылдану уайым-қайғыны сейілтеді. Шейх имам Насыр ибн Хасан әл-Марғинани өзінің қасидасында:

Әй, Насыр Хасанұлы, әр білімге  
Жәрдем сұра Алладан бар күнінде.  
Сол ілім жүрек жүгін жеңілдетер,  
Басқаға арқа сүйеу болар бекер, – дейді.

Шейх ұлық имам Нажмаддин Омар ибн Мұхаммед ибн Ахмад ән-Насафи күңіне:

Жанарымен арбаған, тұтқын еткен,  
Жүзі нұрлы, жанары отты неткен.  
Тұтқын етті тартымды бір бойжеткен,  
Суреттеуге оны қай ақыл жеткен.  
Ғафу еткін, бол маған кешірімді,  
Ілімменен сырларын аштым оның.  
Фазилет пен тақуалық алуменен,  
Махаббатын көңілден бастым оның, – деген екен.

Көк кориандр мен қышқыл алма жеу ұмытшақтыққа әкеп соғады. Сондай-ақ асылған адамға қарау, қабірдегі көк тас жазуларын оқу, шынжырланған түйе керуені арасынан өту (адамның жүйкесіне кері әсері болғандықтан), жерге бүргені тірі күйде тастай салу, желке шұқырына хижам жасау (қан алдыру, миға зияны тигендіктен) да есте сақтау қабілетіне кері әсерін тигізбей қоймайды. Бұлардың барлығынан сақ болыңыздар.

**Несібе шақыратын, оны бөгейтін және  
көбейтетін, сондай-ақ ғұмырды ұзартатын  
нәрселер**

Білім іздеушіге несібені көбейтетін себептерді, ғұмырды ұзартатын жайттарды өз мақсаты жолында әрекет етуі үшін білуі керек. Бұлар жайлы ғалымдар кітаптар жазған және осы кітапта да қысқаша түрде кейбірі келтірілген. Алла елшісі (с.ғ.с.): *«Тағдырды тек дұға қайтарады. Өмірді тек жақсылық ұзартады. Расында кісі өзі істеген күнәсі себепті ризығынан мақұрым болады»*, – деп айтқан.

Бұл хадистен күнә жасау ризық-несібеден қағылуға себеп болатындығын көріп тұрмыз. Мәселен, жалған сөз сөйлеу. Жалған сөз кедейлік шақырады. Бұл жайлы арнайы хадис те бар. Сондай-ақ таңғы ұйқы да ризықтан қағады. Көп ұйқы ризық пен білімді жоғалтуға себепші.

Адамдардың қуанышы –  
киім кию төркіні.

Білімдерді жинау болса,  
ұйқыны тәрк етуде, – деп айтылған.

Және де:

Пайдасыз түндер – жоғалған күндер,  
Ғұмыры қысқа тоналған күндер, – дейді.

Сондай-ақ:

Тура жолға түскің келсе, бауырым,  
Түнде ұйықтама, бұл уақыттың тәуірі.

Енді қанша түнде ұйықтай бересің?

Өміріңнің зулап барады кемесі, – деп айтылған.

Жалаңаш ұйықтау, жалаңаш дәрет сындыру, жүніп күйде тамақтану, жамбастап жатып тамақ жеу, дастарханда шашылған (нан мен тамақ) қиқымдарына мән

бермеу, пияз бен сарымсақ қабығын өртеу, үйді түн мезгілінде сыпыру, қоқысты үйде қалдыру, шейхтардың алдына түсіп жүру, ата-ананы аттарын атап шақыру, қолына түскен жантақпен тісін тазалау, қолын лай немесе топырақпен жуу, табалдырыққа отыру, есіктің керегесін керіп тұру, әжетханада дәрет алу, киімді үстінде киіп тұрып көктеу (жамау), бетін киіммен сүрту, үйді өрмекші ұясынан тазаламау, намазға жеңіл қарау, таң намазынан кейін мешіттен жылдам шығып кету, базарға ертелетіп бару, базардан кештеу қайту, кедейлерден нан қалдықтарын сатып алу, бала-шағаға жаман дұға жасау, ыдыс-аяқтарды жумау және бетін жаппау, шамды үрлеп өшіру – мұның барлығы кедейлікті шақырады. Оның бәрі хадистерде келтірілген. Сондай-ақ, сынған қаламмен жазу, тісі сынық тарақпен шашын тарау, ата-анаға жақсылық сұрап дұға етуді тәрк ету, отырып сәлде орау, тұрып шалбар кию, сараңдық, шашып-төгу, ысырапшылық, жалқаулық, бейқамдылық және жұмысқа жеңіл қарау кедейліктің келуіне себепкер нәрселер.

Алла елшісі (с.ғ.с.): *«Ризық-несібенің түсуін (келуін) садақмен сұраңдар»*, – деп айтқан. Ерте тұру барлық істің берекесін арттырады. Әсіресе, ризықтың. Жақсы ниет – ризықтың кілті. Жылы шырайлылық пен жақсы сөз жаттау қабілеті мен ризықты арттырады. Хасан ибн Әли (р.а.): *«Үйді сыпыру мен ыдыс-аяқты жуу байлықты шақырушы»*, – деген. Ризық-несібе шақыратын ең басты нәрселер – намазды толықтай мойынсұнумен, қорқумен оқу, рүкіндерін толыққанды орындау және де намаз уәжіптерін, сүннеттерін және әдептерін орындау. Бұл мәселеде дұха намазы да пайдалы. Түнгі ұйқы уақытында *«Уақиға»* сүресін, сондай-

ақ, «мүлк», «мүззаммил», «уәл лайли», «әлам нашрах» сүрелерін оқу да жақсы. Мешітке азан шақырылмас бұрын келу, үнемі дәретпен жүру, таң намазы сүннетін, үтір намазын үйде оқыған абзал. Үтір намазынан кейін дүние сөзін сөйлемеу, әйелдер отырысында тым қажет болмаса ұзақ отырмау, дүниесіне және дініне ешбір пайдасы жоқ сөз сөйлемеу де осы талаптар қатарында.

«Кімде-кім өзіне қажеті жоқ іспен айналысса, өзіне керек шаруаны қолдан жіберіп қояды» деген сөз бар. Бузруг Мехр: «Егер көп сөйлейтін кісіні көрсең, оның жынды екенін анық біл», – деген екен. Хазреті Әли (р.а.): «Ақыл толықса, сөз қысқарады», – деген. Автор: маған мына мағына сай келді:

Кісі ақылы кемелденсе,

Азаяды сөзі де.

Көп сөйлейтін адам көрсең,

Ақымақтың өзі де.

(кітаптың бір нұсқасында: тағы бір ақын:

Көркі болар кісінің сөйлеу деген,

Ал үнсіздік – басының амандығы.

Сөйлер болсаң, көп созба сөздерінді,

Өсиет қып айтамын саған мұны.

Үнсіздігім үшін еш өкінбедім,

Ал, сөз үшін көп болды өкінгенім, – деген екен).

Ризық-несібені көбейтетін нәрселердің бірі – таң қылау бергеннен бастап намазға дейін: «Субхана Аллаһил Ғазым, субхана Аллаһи уә бихамдиһи астағфиру Аллаһа уә әтубу илайһи» деп жүз рет айту. Және де: «Лә иләһа иллә Аллаһул Маликул Хаққул Мубину» деп әр күні таңертең және кешке жүз рет айту. Сонымен бірге, әр күні таң намазынан кейін: «Әлхамду лилләһи уә субхана Аллаһи уәлә иләһа иллә Аллаһу»

деп отыз үш рет айтып, дәл осыны ақшам намазынан кейін де қайталау. Таң намазынан кейін қырық рет истиғфар айту. Және де: «Лә хаулә уәлә қууатә иллә билләһил Ғалиил Ғазым» сөзін және пайғамбарымызға (с.ғ.с.) салауат дұғасын көп айтқан жөн. Ал, жұма күні жетпіс рет «Аллаһумма ағнини би халәликә ған харомикә уәк фини би фадликә ғаммән сиуәкә» деп айтады. Және әр күні кешке «Әнтә Аллаһул Ғазизул Хақим, әнтә Аллаһул Маликул Қуддус, әнтә Аллаһул Халимул Карим, әнтә Аллаһу Холикул хайри уәш шарри, әнтә Аллаһу Холикул жәннәти уән нари, Ғалимул ғойби уәш шаһадати Ғалимус сирри уә ахфа, әнтә Аллаһул Кабирул Мутағал, әнтә Аллаһу Холиқу кулли шайин уә илаһи яғуду кулли шайин, әнтә Аллаһу Даиану яумад дини ләм тәзәл уә лә тәзәлу, әнтә Аллаһу лә иләһә иллә әнтә, әнтә Аллаһул Ахадус Сомаду ләм ялид уә ләм юләд уә ләм якул ләһу куфуан ахад, әнтә Аллаһу лә иләһә иллә әнтәр Рахманур Рахим, әнтә Аллаһу лә иләһә иллә әнтәл Маликул Қуддусул Саләмул Муминул Муһайминул Ғазизул Жаббарул Мутақаббир, лә иләһә иллә әнтәл Холикул Бариул Мусаууиру ләһул әсмәул хусна, юсаббиху ләһу мә фис самауати уәл арди уә һуал Ғазизул Хақим» деп сана айтуы керек.

Ғұмырды ұзартатын нәрселер: жақсылық жасау, адам баласына зиян тигізуден аулақ болу. Шейхтарды құрмет тұту және ағайын-туыспен жақсы қарымқатынаста болу. Және әр күні таңертең және кешке үш рет: «Субхана Аллаһи мил әл мизани уә мунтаһал ғилми уә маблағар ридо уә зинәтал ғарши, уәл хамду лилләһи уәлә иләһә иллә Аллоһу уә Аллоһу Акбар мил әл мизани уә мунтаһал ғилми уә маблағар ридо уә зинәтал ғарши» деп айту қажет.

Сондай-ақ, аса зәрулік болмаса, жасыл ағаштарды кесуден сақтану керек. Дәретті толыққанды алу, намазда аса тақуалық ету және үлкен-кіші қажылықтарды басын қосып жасау, денсаулықты сақтау да ғұмырды ұзартар нәрселерден. Сонымен бірге, дәрігерліктен (медицинадан) бірер нәрсе үйренген жөн. Шейх имам Әбу Аббас әл-Мустағфиридің (Алла одан разы болсын) «Пайғамбарлық (с.ғ.с.) дәрігерлік» атты кітабында жазылған дүниелерді тәбәрік етуі қажет. Ол кітапты іздеген табады.

Бұл еңбек осымен тәмам болды. Дұрысын тек Алла тағала ғана біледі. (Кітаптың амандықпен біткеніне Алла тағалаға мақтау болсын, төреміз әрі елшілердің ең абзалы Мұхаммедке, оның отбасына және сахабаларына салауат болсын).

Бұл таңдаулы нұсқа ең мұқтаж пенде Ибраһим ибн Мұстафа қолымен жазылған. Ол кісінің ата-анасын мағфирет етіп, оларға өз жақсылығын бергей!











وإسباغ الوضوء، والصلاة بالتعظيم، وقراءة القرآن، والقِرَان بين الحج والعمرة، وحفظ الصحة.

ولا بدّ من أن يتعلم شيئاً من الطبّ، ويتبرّك بالآثار الواردة في الطبّ التي جمعها الشيخ الإمام أبو العباس المستغفريّ في كتابه المسمي بـ“طبّ النبي“ رسول الله ﷺ، يجده من يطلبه.

تمّ كتاب “تعلِيمُ المتعلم طريقَ التعلم“ والله أعلم بالصواب. (والحمد لله ربّ العلمين والصلاة والسّلام على خير خلقه محمد وآله أجمعين).  
وقع الفراغ من هذه النسخة المختارة من يد أفقر الفقراء إبراهيم بن مصطفى، غفر الله له ولوالديه وأحسن إليهما وإليه المنان.

تمّ الكتاب



كلَّ يوم صباحاً ومساءً، مئة مرة. وأن يقول بعد صلاة الفجر كل يوم: الحمد لله، وسبحان الله، ولا إله إلا الله والله أكبر، ثلاثاً وثلاثين مرة. وبعد صلاة المغرب أيضاً. ويستغفر الله تعالى سبعين مرة بعد صلاة الفجر ويُكثر من قوله: لا حول ولا قوة إلا بالله العلي العظيم، والصلاة على النبي عليه السلام. ويقول يوم الجمعة سبعين مرة: اللهم أغني بحلالك عن حرامك، واكفني بفضلك عمَّن سواك. ويقول هذا الثناء كلَّ يوم وليلة: أنت الله العزيز الحكيم، أنت الله الملك القدوس أنت الله العليم الكريم، أنت الله خالق الخير والشرِّ، أنت الله خالق الجنة والنار، أنت الله عالم الغيب والشهادة، أنت الله عالم السرِّ وأخفى، أنت الله الكبير المتعال، أنت الله خالق كلِّ شيء وإليك يعود كلُّ شيء، أنت الله ديان يوم الدين، لم تزل ولا تزال، أنت الله لا إله إلا أنت، أحداً صمداً، لم يلد ولم يولد، ولم يكن له كفواً أحد. أنت الله لا إله إلا أنت الرحمن الرحيم، أنت الله لا إله إلا أنت، الملك القدوس السلام المؤمن المهيمن العزيز الجبار المتكبر، لا إله إلا هو الخالق البارئ المصور له الأسماء الحسنى، يسبح له ما في السموات والأرض وهو العزيز الحكيم.

ومما يزيد في العمر: البرّ وترك الأذى، وتوقير الشيوخ، وصلة الرحم، وأن يقول حين يصبح ويُمسي كلَّ يوم ثلاث مرات: ”سبحان الله ملء الميزان، ومنتهى العلم، ومبلغ الرضا، وزنة العرش، والله أكبر ملء الميزان، ومنتهى العلم، ومبلغ الرضا، وزنة العرش“. ولا إله إلا الله ملء الميزان ومنتهى العلم ومبلغ الرضاء وزنة العرش، (والله أكبر ملء الميزان، ومنتهى العلم، ومبلغ الرضا، وزنة العرش).

وأن يتحرّز عن قطع الأشجار الرطبة إلا عند الضرورة.

وكذا الكتابة بالقلم المعقود، والامتشاط بمُشط منكسر، وترك الدعاء للوالدين، والتعمّم قاعداً، والتسرول قائماً، والبخل عن الفقراء، والتقتير والإسراف والكسل والتواني، والتهاون في الأمور، كل ذلك يورث الفقر. وقال رسول الله: "استنزّلوا الرزق بالصدقة". والبكور مبارك يزيد في جميع النعم خصوصاً في الرزق، وحسن الخطّ من مفاتيح الرزق، وبسط الوجه، وطيب الكلام يزيد في الرزق.

وعن الحسن بن علي رضي الله عنهما: كنس الفناء، وغسل الإناء مجلبة للغناء. وأقوى الأسباب الجاذبة للرزق: إقامة الصلاة بالتعظيم والخشوع، وتعديل الأركان، وسائر واجباتها وسننها وآدابها. وصلاة الضحى في ذلك معروفة مشهورة وقراءة سورة الواقعة، خصوصاً بالليل وقت النوم، وقراءة سورة تبارك الذي بيده الملك، وقراءة سورة المزمل، والليل إذا يغشى، وألم نشرح لك، وحضور المسجد قبل الأذان، والمداومة على الطهارة، وأداء سنّة الفجر والوتر في البيت، وألاً يتكلّم بكلام الدنيا بعد الوتر، ولا يكثر مجالسة النساء إلاّ عند الحاجة، وألاً يتكلّم بكلام لغو.

قيل: من اشتغل بما لا يعنيه يفوته ما يعنيه.

قال بُزْرُجْمَهْر: إذا رأيت الرجل يكثر الكلام فاستيقنْ بجنونه.

وقال عليّ رضي الله عنه: إذا تمّ العقل نقص الكلام.

وقال المصنّف رحمه الله: اتّفق لي في هذا المعنى:

إذا تمّ عقل المرء قلّ كلامه وأيقنْ بحمق المرء إن كان مُكثراً.

ومما يزيد في الرزق أن يقول كلّ يوم بعد انشقاق الفجر إلى وقت الصلاة، (مئة مرة): سبحان الله العظيم وبحمده، سبحان الله وبحمده، أستغفر الله وأتوب إليه. وأن يقول: لا إله إلاّ الله الملك الحقّ المبين،

قال رسول الله ”لا يرَدُّ القدرَ إلاَّ الدعاءُ، ولا يزيد في العمر إلاَّ البرُّ، وإنَّ الرجلَ ليحرم الرزقَ بالذنبِ يُصِيهه“. ثبت بهذا الحديث أن ارتكاب الذنب سببُ حرمان الرزق، خصوصا الكذب فإنه يورث الفقر، وقد ورد فيه، حديث خاصّ. وكذا نوم الصبيحة يمنع الرزق، وكثرة النوم يورث الفقر، وفقر العلم أيضا.

قال القائل:

سرور الناس في لبس اللباس وجمع العلم في ترك النعاس.

وقال أيضا:

ليس من الخسران أن لياليا تمرُّ بلا نفعٍ وتُنَجِّدُ من عمري

وقال أيضا:

قم الليل يا هذا لعلك ترشد إلى كم تنام الليل والعمر ينقد

والنوم عريانا، (والبول عريانا) والأكل جُنبا، والأكل (متكئا على جَنب) والتهاون بسقاط المائدة، وحرق قشر البصل والثوم، وكنس البيت بالمندل في الليل، وترك القمامة في البيت، والمشي قدام المشايخ، ونداء الوالدين باسمهما والخلال بكل خشبة، وغسل اليدين بالطين والتراب، والجلوس على العتبة، والاتكاء على أحد زوجي الباب، والتوضؤ في المبرز، وخياطة الثوب على بدنه، وتجفيف الوجه بالثوب، وترك بيت العنكبوت في البيت، والتهاون بالصلاة، وإسراع الخروج من المسجد بعد صلاة الفجر، والابتكار بالذهاب إلى السوق، والإبطاء في الرجوع منه، وشراء كسرات الخبز من الفقراء السوال، ودعاء الشر على الوالد، وترك تخمير الأواني، وإطفاء السراج بالنفس، كل ذلك يورث الفقر، عُرف ذلك بالآثار.



على الخشوع. وتحصيل العلوم ينفي الهمَّ والحزن، كما قال الشيخ الإمام  
نصر بن الحسن المرغيناني في قصيدة له، رحمه الله:

استعن نصر بن الحسن                      بكلِّ علم يحتزن  
ذاك الذي ينفي الحزن                      وما سواه باطلٌ لا يؤتمن

وقال الشيخ الإمام الأجل نجم الدين، عمر بن محمد بن أحمد  
النسفي، رحمه الله، في أمِّ ولده:

سلامٌ على مَنْ تيممتي بظرفها                      ولمعة خديها ولمحة طرفها  
سبتني وأصبتني فتاةً مليحةً                      تحيرت الأوهامُ في كنه وصفها  
فقلتُ ذريني واعدريني فإنني                      شغفتُ بتحصيل العلوم وكشفها  
ولي في طلاب العلم والفضل والتقى غنى عن غناء الغانيات وعرفها  
(وأما سبب نسيان العلم) فأكل الكزبرة (الرطبة) والتفاح الحامض،  
والنظر إلى المصلوب، وقراءة ألواح القبور، والمرور بين قطار الجمال،  
وإلقاء القمل الحي على الأرض، والحجامة على نُقرة القفا، فتجنّبها  
كلّها.

❁ فصل: فيما يجلب الرزق وما يمنع الرزق وما يزيد ❁  
في العمر وما ينقص

ثم لا بدّ لطالب العلم من القوت، ومعرفة ما يزيد فيه، وما يزيد في  
العمر، والصحة، ليتفرغَ لطلب العلم، وفي كلِّ ذلك صنّفوا كتاباً، فأوردتُ  
بعضها هنا على سبيل الاختصار.

بن حكيم بعض إخوانه في المنام، فقال: أي شيء وجدته أنفع؟ قال قراءة القرآن نظراً.

ويقول عند رفع الكتاب: بسم الله، (سبحان الله) والحمد لله، ولا إله إلا الله، والله أكبر، ولا حول ولا قوة إلا بالله العلي العظيم، (العزیز العليم)، عدد كل حرفٍ كُتِبَ ويُكْتَبُ أبد الآبدین، ودهر الداهرين.  
ويقول بعد كل مكتوبة: آمنت بالله الواحد الأحد، الحق، المبين، وحده لا شريك له، وكفرت بما سواه.  
ويكثر الصلاة على النبي ﷺ، فإنه رحمةٌ للعالمين.

قيل:

شكوتُ إلى وكيعٍ سوءَ حفظي فأوصاني إلى ترك المعاصي  
فإن العلم فضلٌ من إلهي وفضل الله لا يعطى لعاصي

والسواك، وشُربُ العسل، وأكلُ الكندرة مع السكر، وأكلُ إحدى وعشرين زبيبةً حمراء كل يومٍ على الريقِ يُورثُ الحفظ، ويشفي من كثيرٍ من الأمراض والأسقام.  
وكل ما يقلل البلغم والرطوبات يزيد في الحفظ، وكل ما يزيد في البلغم يورث النسيان.

وأما ما يُورث النسيان: المعاصي، وكثرة الذنوب، والهموم، والأحزان في أمور الدنيا، وكثرة الأشغال والعلائق. وقد ذكرنا أنه لا ينبغي للعاقل أن يهتم لأمر الدنيا، لأنه يضر ولا ينفع. وهموم الدنيا لا تخلو عن الظلمة في القلب، وهموم الآخرة لا تخلو عن النور في القلب، ويظهر أثره في الصلاة. وهم الدنيا يمنعه عن الخير، وهم الآخرة يحمله عليه، والاشتغال بالصلاة

وأنشدت للشيخ (الإمام) الزاهد، الحاج نجم الدين عمر بن محمد  
النسفي رحمهم الله:

كنْ للأوامر والنواهي حافظاً وعلى الصلاة مواظباً ومحافظاً  
واطلبْ علوم الشرع واجهدْ واستعنْ بالطيِّباتِ تصرّف فيها حافظاً  
واسألْ إلهك حِفْظَ حِفْظِكَ راغباً في فضله فالله خير حافظاً  
وقال رحمه الله:

أطيعوا وجدّوا ولا تكسلوا وأنتم إلى ربكم ترجعون  
ولا تهجعوا فخير الوري قليلاً من الليل ما يهجعون

وينبغي أن يستصحب دفترًا على كل حال ليطالعه، وقيل: من لم يكن  
له دفتر في كفه لم يثبت الحكمة في قلبه.  
وينبغي أن يكون في الدفتر بياض ويستصحب المحبرة ليكتب ما  
يسمع.

وقد ذكرنا حديث هلال بن يسار رضي الله عنه .

## ❁ فصل فيما يورث الحفظ وما يورث النسيان ❁

وأقوى أسباب الحفظ: الجدُّ والمواظبة، وتقليل الغذاء، وصلاة الليل،  
وقراءة القرآن من أسباب الحفظ.

قيل: (ليس شيءٌ أزيد للحفظ من قراءة القرآن نظراً)، والقراءة نظراً  
أفضل لقوله عليه السلام: أفضل أعمال أمتي قراءة القرآن نظراً. ورأى شداد

أحضره شريكى. فقال أبوه: لو كنت تحتاط وتتورع لم يجترئ شريكك بذلك.

وهكذا كانوا يتورعون فلذلك وُقِّفُوا للعلم والنشر حتى بقي اسمهم إلى يوم القيامة.

ووصّى فقيه من زهاد الفقهاء طالب العلم: عليك أن تتحرز عن الغيبة وعن مجالسة المكثار. وقال: إن من يكثر الكلام يسرق عمره ويضيع أوقاتك. ومن الورع أن يجتنب من أهل الفساد والمعاصي والتعطيل فإن المجاورة مؤثرة لا محالة وأن يجلس مستقبل القبلة (وأن يكون) مُسْتَنًّا بسنة النبي عليه السلام، ويغتنم دعوة أهل الخير، ويحترز عن دعوة المظلوم.

وحكى أن رجلين خرجا في طلب العلم للغربة، وكانا شريكين فرجعا بعد سنين إلى بلدهما، وقد فقه أحدهما، ولم يفقه الآخر، فتأمل فقهاء البلدة وسألوا عن حالهما، وتكرارهما، وجلوسهما، فأخبروا أن جلوس الذي تفقه في حال التكرار كان يجلس مستقبل القبلة والمصر، والآخر كان يجلس مستدبر القبلة ووجهه إلى غير المصر. فاتفق العلماء والفقهاء أن الفقيه فقه بركة استقبال القبلة، إذ هو السنة في الجلوس، إلا عند الضرورة، وببركة دعاء المسلمين، فإن المصر لا يخلو عن العباد وأهل الخير، فالظاهر أن عابدا من العباد دعا له في الليل.

فينبغي لطالب العلم ألا يتهاون بالآداب والسنن، فإن من تهاون بالآداب حُرِمَ السنن، ومن تهاون بالسنن حُرِمَ الفرائض، ومن تهاون بالفرائض حُرِمَ الآخرة.

وبعضهم قالوا هذا حديث عن رسول الله ﷺ.

وينبغي أن يكثر الصلاة، ويصلي صلاة الخاشعين، فإن ذلك عونٌ له على (التحصيل والتعلم).

والتملق مذموم إلا في طلب العلم فإنه لا بد من التملق للأستاذ  
والشركاء وغيرهم للاسفادة منهم.  
قيل: العلم عِزٌّ لا ذُلٌّ فيه، لا يدرك إلا بُدْلٌ لا عِزٌّ فيه.  
وقال القائل: أرى لك نفساً تشتهي أن تُعزَّها فلست تنال العِزَّ حتى  
تُدلَّها

### ❁ فصل: في الورع في حالة التعلم ❁

روى بعضهم حديثاً في هذا الباب عن رسول الله صلى الله عليه وسلم  
